

«Астана медицина университеті» АҚ

УДК: 618.29-07: 005.216.1
МПК: А 61 В 8/ 00 А 61 В 5/107

Қолжазба құқығымен

Мухамбеткадырова Гульбану Кожакпаровна

**МАКРОСОМИЯ ДИАГНОСТИКАСЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ӘДІСТЕРІНІҢ
КЛИНИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ЕЛЕУЛІЛІГІ**

6М110100 – «Медицина»

**Магистр академиялық дәрежесіне
марапат беру диссертациясы**

Ғылыми жетекші: м.ғ.к., профессор Г.У. Ахмедьянова _____

Ресми оппоненті: м.ғ.д., профессор Г.С. Мурзабекова _____

Астана 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАСЫ	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ	6
СУРЕТТЕР ТІЗІМІ	8
КІРІСПЕ	9
1 ҚАЗІРГІ САТЫДАҒЫ ҰРЫҚ МАКРОСОМИЯСЫ ДИАГНОСТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)	12
1.1 Ұрық макросомиясы дамуына әсер ететін факторлар.....	12
1.2 Ұрық макросомиясының диагностикасы.....	19
1.3 Ұрық макросомиясы кезіндегі жүктілік пен босану ағымы.....	23
1.4 Ұрық макросомиясы кезіндегі перинатальді нәтижелері.....	26
2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	31
2.1 Зерттеу материалдары.....	31
2.2 Зерттеу әдістері.....	32
2.3 Ұрық макросомиясы антенатальді диагностикасының әртүрлі әдістерінің салыстырмалы анализін жүргізу.....	34
2.4 Зерттеудің статистикалық сатысы.....	35
3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	36
3.1 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы ұрық макросомиялы жүкті әйелдердің антропометриялық көрсеткіштерінің сипаты.....	38
3.2 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы ұрық макросомиялы әйелдердің гинекологиялық анамнезінің ерекшелігі.....	40
3.3 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы ұрық макросомиялы жүкті әйелдердің акушерлік анамнезінің ерекшеліктері.....	41
3.4 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы ұрық макросомиясымен жүкті әйелдердің экстрагенитальді патологиялары.....	42
3.5 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдердің ұрық макросомиясы кезіндегі жүктілік пен босану ағымы.....	43
3.6 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдердің ұрық макросомиясы кезіндегі перинатальді ақыры.....	44
3.7 Ұрық макросомиясын антенатальді диагностикасынан алынған нәтижелер.....	44
3.8 Ұрық макросомиялы жүкті әйелдердің ұрық ультрадыбыстық зерттеуінің сипаттамасы.....	50
3.9 Көп факторлы сызықтық регрессиялық анализ әдістерімен ұрық макросомиясын болжау.....	53
ҚОРЫТЫНДЫ	62
ТҰЖЫРЫМДАР	67
ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР	68
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	69

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:

2009 жылдың 18 қыркүйегінен № 194-IV «Халық саулығы мен денсаулық сақтау жүйесі» Қазақстан Республикасының кодексі (2011 жылдың 19 қаңтарынан өзгерістерімен)

2010 жылдың 7 сәуірінен № 39 «Диагностика және емнің хаттамаларының бекітілуі» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы

2010 жылдың 7 мамырына № 325 «Қазақстан Республикасында перинатальді көмектің аймақтандыруды жетілдіру бойынша нұсқау» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың дамуы «Саламатты Қазақстан» 2011-2015 жылдарға атты мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Елбасының бұйрығымен бекітілген 2010 жылдың 1 ақпанынан № 922 «2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарды дамыту туралы»

7.1-84 МЕМСТ (Мемлекетаралық стандарт) Ақпарат, кітапханалық және баспалық жұмыс бойынша стандарттар жүйесі.

7.32-2001 МЕМСТ Ақпарат, кітапханалық және баспалық жұмыс бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми – зерттеу жұмыстары бойынша есеп. Ресімдеудің құрылымы мен ережелері.

7.54-88 МЕМСТ Ақпарат, кітапханалық және баспалық жұмыс бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми – техникалық құжаттардағы заттар мен материалдар қасиеттері туралы саналған мәліметтер түсінігі. Жалпы талаптары

7.9-95 МЕМСТ (ИСО 214-76) Ақпарат, кітапханалық және баспалық жұмыс бойынша стандарттар жүйесі. Реферат және аннотация. Жалпы талаптары.

7.12-93 МЕМСТ Ақпарат, кітапханалық және баспалық жұмыс бойынша стандарттар жүйесі. Библиографиялық жазбалар. Сөздердің қазақ тілінде қысқартулар. Жалпы талаптары мен ережелер.

15.101-98 МЕМСТ Өндірістегі өнімнің өңделуі мен орнатып қою жүйесі. Ғылыми – зерттеу жұмыстарды орындау реті.

АНЫҚТАМАЛАРЫ

Осы диссертацияда сәйкес анықтамаларымен келесі терминдер қолданылады:

Жүктілік – (graviditas) әйел организміндегі ұрықтанған жұмыртқа клеткасының дамып, нәтижесінде құрсақішілік өмір сүруге қабілетті ұрық қалыптасатын физиологиялық процесі

Гестация – (лат. gestatio, gestare сөзінен өзінде болу) жүктілік

Ұрық макросомиясы, ірі ұрық – (macro лат. тілінен ірі, үлкен, somia – ұрық) Егер берілген жүктілік мерзіміне сәйкес, ұрық салмағы 4000 граммнан жоғары болса, макросомия деп аталады. Нақты диагнозды нәресте туылғаннан кейін қояды, босану кезінде асқынудың қауіп факторларына байланысты макросомияның босануға дейінгі диагностикасының үлкен мәні бар

Аntenатальді кезең – (ante алдында + лат. natus туылу) зигота түзілгеннен бастап, босануға дейінгі кездегі организмдегі даму кезеңі.

Интранатальді кезең – ретті босану қызметінен бастап, ұрықтың туылуына дейінгі кезеңі.

Неонатальді кезең – туылғаннан бастап, 28-нші күнді қосқандағы нәрестенің өмір сүру кезеңі

Ультрафетометрия – ультрадыбыстық зерттеу арқылы құрсақішілік ұрық параметрлерін өлшеу

Ана өлімі – жүктілікпен байланысты, оның ұзақтығы мен орнына қарамастан, жүктілік кезінде және оның аяқталғанынан кейін 42 күн ішінде қандай да бір себептен жүктілікке байланысты, содан асқынуымен немесе жүргізуімен болатын әйел өлімі, бірақ жазатайым оқиғадан немесе кездейсоқтық себептерден емес

Перинатальді аурулар – перинатальді кезеңде бақыланатын аурулар

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚҚҚ	- алдыңғы құрсақ қабырғасының қалыңдығы
АКТГ	- АКТГ адренокортикотрпоты гормон
АМУ АҚ	- Астана Медицина Университеті Акционерлік қоғамы
АС	- жүкті әйелдің салмағы
БА	- бас айналымы
БҒМ	- Білім және ғылым министрлігі
БПӨ	- бипариетальді өлшемі
БШ	- бас шеңбері
В	- әрбір өлшемдеріне сәйкесграмм бойынша ұрық болжам салмағы
ДСИ	- дене салмағы индексі
ЕВ	- В өлшемі,яғни әрбір өлшемдеріне сәйкес грамм бойынша ұрық болжам салмағы
ЖТБ	- жатыр түбінің биіктігі
КА	- кеуде айналымы
КТ	- кесір тілігі
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР ӘД ДСМ	- Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі
М	- ұрықтың болжам салмағы
МШӨ	- маңдай-шуйде өлшемі
МЕМСТ	- мемлекеттік стандарт
МФБ	- математикалық формула бойынша
н	- өлшем сандары
ИЖТҚ	- иық жұмсақ тіндерінің қалыңдығы
ПО	- перинатальді орталық
СҰ	- сан ұзындығы
ССҰ	- сан сүйегінің ұзындығы
УДЗ	- ультрадыбыстық зерттеу
ОЖЖ	- орталық жүйке жүйесі
ІА	- іш айналымы
ІШ	- іш шеңбері
ІҰ	- ірі ұрық
ҰБС	- ұрық болжам салмағы
ӨИФ	- өсудің инсулинтәрізді факторлары
ЭГА	- экстрагенитальді аурулар
ЭГП	- экстрагенитальді патология
ЭКҰ	- экстракорпоральді ұрықтандыру
Х	- ұрық болжам салмағы

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

1 кесте	- Әртүрлі формулаларды қолдану нәтижесінде ұрық болжам салмағын анықтаудың қателік жиілігі.....	21.....
2 кесте	- Зерттеуге алынған жүкті әйелдердің авторлар бойынша ұрық болжам салмақтарының сәйкес келуі	34
3 кесте	- Астана қ. № 2 және № 3 Перинатальді орталықтарының мерзімді босану саны бойынша бөлу	36
4 кесте	- Астана қ. № 2 және № 3 Перинатальді орталықтарының макросомиялы босану саны бойынша бөлу	36
5 кесте	- Босанған әйелдерді жас аралықтарына байланысты бөлу	37
6 кесте	- Босанған әйелдерді әлеуметтік жағдайына байланысты бөлу	37
7 кесте	- Босанған әйелдердің білім деңгейіне байланысты бөлу	38
8 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы босанған әйелдердің бастапқы және босану алдындағы салмақ көрсеткіштері	38
9 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы босанған әйелдердің ДСИ бойынша бөлу	39
10 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдерді сыртқы акушерлік өлшемдері бойынша бөлу	40
11 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдерді гинекологиялық анамнезі бойынша бөлу	41
12 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдерді паритеті бойынша бөлу	41
13 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдерді асқынған акушерлік анамнезі бойынша бөлу	41
14 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы жүкті әйелдерді экстрагенитальді патологияның кездесу жиілігі бойынша бөлу	42
15 кесте	- Ұрық макросомиялы жүкті әйелдердің жүктілік кезіндегі асқынулар	43
16 кесте	- Ретроспективті анализ жүргізілген топ босану жолдарының түрлері	44
17 кесте	- Босану кезіндегі асқынулар көрсеткіштері	44
18 кесте	- 1, 2, 3 топтағы босанған әйелдердің бастапқы және босану алдындағы салмақ көрсеткіштері	45
19 кесте	- 1, 2, 3 топтағы босанған әйелдерді ДСИ бойынша бөлу	45

20 кесте	- 1, 2, 3 топтағы босанған әйелдерді сыртқы акушерлік өлшемдері бойынша бөлу	46
21 кесте	- 1, 2, 3 топтағы босанған әйелдерді гинекологиялық анамнезі бойынша бөлу	47
22 кесте	- 1,2,3 топтағы босанған әйелдерді паритеті бойынша бөлу	47
23 кесте	- 1,2,3 топтағы босанған әйелдерді асқынған акушерлік анамнезі бойынша бөлу	47
24 кесте	- 1, 2, 3 топтағы босанған әйелдерді экстрагенитальді патологияның кездесу жиілігі бойынша бөлу	48
25 кесте	- Ұрық макросомиялы жүкті әйелдердің жүктілік кезіндегі асқынулар	49
26 кесте	- 1, 2, 3 топтардағы босану жолдарының түрлері	49
27 кесте	- 1, 2, 3 топтардағы босану кезіндегі асқынулар көрсеткіштері	50
28 кесте	- Математикалық формула (ультрадыбыстық зерттеу көрсеткіштерін қолдана есептелген) корреляция коэффициенті мен статистикалық елеулілігі	51
29 кесте	- Математикалық формулаға салып есептеген қателікті грамм бойынша көрсету	51
30 кесте	- ИЖТҚ мен АҚҚҚ бойынша корреляция коэффициенті мен статистикалық елеулілігі	53
31 кесте	- Бақыланған және болжанған мағына қалдықтары бойынша модельдің статистикалық анализ нәтижелері	55
32 кесте	- Ретроспективті анализдің сипаттамалық статистикасы	56
33 кесте	- 1 топтың сипаттамалық статистикасы	57
34 кесте	- 2 топтың сипаттамалық статистикасы	58
35 кесте	- 3 топтың сипаттамалық статистикасы	60

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

1 сурет	- 1 топ әйелдерінің босанғаннан кейінгі ұрық салмағының граммдық жағынан қателіктері бойынша көрсеткіштері	51
2 сурет	- 2 топ әйелдерінің босанғаннан кейінгі ұрық салмағының көрсеткіштері	52
3 сурет	- 3 топ әйелдерінің босанғаннан кейінгі ұрық салмағының көрсеткіштері	53
4 сурет	- Ұрықтың есептік және шынайы салмағы арасындағы корреляциялық тәуелділік графигі	54
5 сурет	- Ұрықтың есептік және шынайы салмағы арасындағы корреляциялық тәуелділік графигі	54

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау дамуындағы мемлекеттік бағдарламасы «Саламатты Қазақстан» 2011–2015 жж. денсаулық сақтау бағдарларының бірі ана мен бала денсаулығын қорғау болып табылады. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.А. Назарбаев өзінің «Қазақстан 2050» халыққа жолдауында әлеуметтік саясаттың маңызды бөлшегі болып, жаңа сатыда ана мен баланы қорғау болып саналады. Ана мен баланы қорғау ана мен перинатальді өлім көрсеткіштерінің төмендеуін талап етеді.

Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының мәліметтері бойынша 3 миллион жаңа туған нәрестелер әр жылы жүктілік пен босану асқынуларына байланысты қайтыс болады.

Қазіргі уақытта ірі ұрықпен босану үлкен актуальді мәселе болып саналуда, ол макросомияның пайыздық көрсеткіші 8,2–16,5% аралығында өсуімен түсіндіріледі, сонымен қатар жүктілік және босану, перинатальді аурулар мен өлім, ана жарақаты мен босану кезіндегі асқынулар да жоғарылауда. Айта кету керек: жүктілік, босану, босанудан кейінгі және жаңа туған нәресте жағдайының асқынуында ірі ұрықты уақытында диагностикалаудың мәні өте зор [1, 2, 3, 4, 5].

Ұрық макросомиясы мәселесін меңгеріп жүрген көптеген отандық және шетел зерттеушілердің бақылауы бойынша соңғы он жылда әртүрлі авторлардың [6] көрсеткіштерінде 8,0–18,5% шамасындағы жиілікте кездеседі.

Аntenатальді кезеңде ірі салмақты ұрық кезінде гестациялық кезеңнің ерте мерзімінен бастап алғанда, асқынудың жоғарғы дәрежелі көрсеткіштері анықталған [7].

Ірі салмақты нәрестелер босанған ерте токсикозы бар жүкті әйелдер жиілігі 13,4–21,0%, жүкті әйелдер сүегіздігі – 20,3–28,0%, преэклампсиялар – 17,5–21,7%, анемиялар – 60,4% [7, 8].

Ірі салмақты жаңа туған нәрестелер кезінде асфиксия (9,2–34,2%), босану жарақаты (10,9–24,0%) үлкен медициналық және әлеуметтік маңызы бар [7]. Ірі салмақты балаларда ерте неонатальді кезеңде неврологиялық статусында өзгерістер, қышқылдынегізді, электролитті баланстарда бұзылыстар, гипогликемия жиі кездеседі [9, 10].

Осы жұмыспен көп зерттеулер жүргізгендеріне қарамастан, макросомияның этиологиясы мен патогенезі аяғына дейін анықталмаған, сол себепті қазіргі уақытта ұрық макросомиясының дамуын алдын-алу әдістері жоқ. Жоғарыда айтылғандарға қарап, ірі ұрықты жүкті әйелдерге арналған жүктілік пен босануды жүргізуге оптимальді шара өңделіп шығарылу керек, ұрық болжам салмағын дұрыс анықтау аз емес мәні бар. Бірқатар зерттеушілер тура анықтайтын әдістердің біріне ультрадыбыстық фетометрияны жатқызады, басқа авторлар қолданыстағы формулалар гипотрофиялық және нормотрофиялық ұрықтарға өңделіп шығарылған және макросомия кезінде аз нәтиже береді [11].

Осы мәселенің маңыздылығы перинатальді өлім мен ұрықтар мен жаңа туған нәрестелер жарақаты, жүктілік пен босану кезіндегі асқынулардың жоғарғы көрсеткіштерімен көрініс береді, орташа салмақта туылған нәрестелерге қарағанда, ірі салмақты ұрықтар туылу саны жоғарылауда.

Жүктілік пен босануды жүргізудің оптимальді шарасы босану кезінде ана мен бала жарақатының азайып, сау балалардың туылуы мен ана денсаулығын сақтауын қалыптастырады.

Зерттеу мақсаты

Акушерлік шараны және босану жолын анықтау мақсатында ұрық салмағын болжау моделін өңдеу

Зерттеу шарттары

1. Қазіргі заманда ұрық макросомиясы мәселесінің маңыздылығын бағалау.
2. Ұрық макросомиясы антенатальді диагностикасының салыстырмалы бағасын жүргізу.
3. Ұрық болжам салмағын диагностикасын жоғарылату үшін қосымша эхографиялық критерийлер өңдеп шығару.
4. Ірі ұрық диагностикасының алгоритмін өңдеп шығару.

Ғылыми жаңалығы

Ұрық макросомиясы диагностикасының әртүрлі әдістердің нәтижелілігінің салыстырмалы бағалауы жүргізілді.

Ұрық макросомиясы диагностикасының нәтижелілігі ұрықтың алдыңғы қабырғасының қалыңдығы мен иық жұмсақ тіндерінің қалыңдығын ультрадыбыстық зерттеу арқылы анықтайтын қосарланған әдісі бойынша анықтау ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Ұрық макросомиясын анықтау алгоритмі өңделіп, тәжірибелік денсаулық сақтауға енгізілді.

Тәжірибелік елеулілігі

1. Біріншілік медицина-санитарлық көмек деңгейінде ірі ұрық туылатын (анамнезінде ірі ұрықтар болса) босанулар болу мүмкіндігі бар қауіп факторларына кіретін ұрық макросомиясын анықтайтын қосарланған әдісті қолдануға және босану жарақаты мен перинатальді жоғалтуды бағалаумен қатар босануды жүргізу және әрі қарай бақылауға ұсыныс берілді.

2. Ірі ұрықты жүктілікті жүргізуге өңделген алгоритмін қолдану, бұл ана мен перинатальді асқынуларды төмендетуге септігін тигізеді, соған сәйкес перинатальді аурулар мен өлім көрсеткіштерін төмендетеді.

Қорғауда қозғалатын негізгі қалыптар

1. Ұрық макросомиясының негізгі даму қауіп факторлары болып саналады: метаболикалық синдромның қосарлануы, қызметтегі әйелдер.

2. Ұрық макросомиясын босану кезінде уақытында анықталса, босану кезіндегі асқыну бағасымен босану актісінің дұрыс жүргізілуін қалыптастырады және босану кезіндегі перинатальді өлімнің көрсеткіштерін жақсартады.

Жұмыстың апробациясы

Жұмыс апробациясы 2016 жылдың 18 сәуір айында № 10 хаттама № 1 Акушерия және гинекология кафедрасының кафедралық жиналысында және 05.05.2016 жылдың № 3 хаттама «АМУ» АҚ хирургиялық және аралас пәндер бойынша ғылыми семинар мәжілісінде өтті.

Басылымдар

Диссертация тықырыбы бойынша 1 ғылыми мақала және 2 тезис жарияланған, БҒМ білім және ғылым саласы Комитетімен ұсынылған.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы

Диссертация 77 беттік тексттен және кіріспе, әдебиеттік шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, бір тарау жеке зерттеуден, қорытынды, тұжырымдар, тәжірибелік ұсыныстар және 118 баспалық жұмыстардан құралған әдебиеттер тізімінен тұрады, оның 54 орыс және 64 шетел тілдерінде. Диссертация материалдары 35 кесте мен 5 суреттен тұрады.

1 ҚАЗІРГІ САТЫДАҒЫ ҰРЫҚ МАКРОСОМИЯСЫ ДИАГНОСТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)

Макросомияны босану жиілігі соңғы жылдары әдебиеттер мәліметтері бойынша 8,0–20,0% шамасында [6,12] 4000–4499 г-ға дейінгі салмақтағы жаңа туған нәрестелер шамамен 8,7%, 4500–4999 г – 1,5% [7], ал гигант ұрықтар (5000 граммнан салмағы көп) барлық босану санының ішінде 0,08–1,57% құрайды. [13]

Айтатын кететін жайт,әдебиет мәліметтерін алсақ, ірі ұрық мәселесімен 1970–1990 жж. ғана зерттеушілер көпшілігі айналысқан. Бірақ та,сол жылдардағы зерттеулер нәтижелері ұрық макросомиясы кезінде акушерлік шарада құны жетпес мағлұматтар қазіргі заманда өз мәнін жоғалтпаған.

Әлем әдебиетінде ірі салмақты ұрықтың нақты анықтамасы жоқ. Біздің елде ірі ұрық болып 4000 г-нан және одан жоғары (5000 г-ға дейін), ал 5000 г-нан жоғары болса, гигант ұрық деп аталады. Американдық акушерлер мен гинекологтар коллегиясының көрсеткіштері бойынша [4] жүктілік мерзімі мен демографиялық айырмашылықтарға байланысты емес (нәсіл, жыныс, конституциональді ерекшеліктер және т.б.), егер салмағы 4500 г-нан жоғары болса, ұрық ірі боп саналады.

Кейбір зерттеушілер негіз болып,объективті түрде сұрақты шешсек,ірі ұрықты анықтау үшін жүкті әйелдер салмақ-бой индексі (салмақ кг/бойы, см) және ұрық болжам салмағы қатынасын алу керек. Ана салмақ-бой индексі үлкен болған сайын (қалыптыда 0,40–0,49 кг/см), ұрық ірі болады. 0,5 кг/см-ден жоғары 4000–4500 граммды ұрықтар нормотрофиялық болып саналады [14].

1.1 Ұрық макросомиясы дамуына әсер ететін факторлар

Осы уақытқа дейін ірі ұрық этиологиясы мен патогенезі туралы анық дәлелдемелер жоқ.

Ұрықтың қарқынды түрде өсуі жүктілік мерзіміне сәйкес болмай, ол кейбір жағдайларда конституциональді немесе генетикалық жағынан болуы мүмкіндігі (ол кезде ірі ұрық қалыпты болып саналады), ал басқаларда құрсақішілік зат алмасудың бұзылыстары,ұрыққа қоректі заттардың түсуімен байланысты болуы керек [14].

Кейбір ғалымдар ірі ұрықтардың көп болуын,қазіргі адамдардың акцелерация процесстерінің жиі көрініс беруімен түсіндіреді, ол құрсақішілік кезеңнен басталады [15].

Ірі ұрық этиологиясында ата-анасының және жақын туыстарының конституциональді ерекшеліктері аз емес рөл ойнайды (көбінесе анасының) [14].

Ана дене салмағы мен нәресте салмағы (салмақ кг/бойы,см) индекстері арасындағы байланыс бар екендігі туралы көптеген отандық және шетел зерттеушілерімен дәлелденген [12].

Объективті критерий болып, әйелдер антропометриялық көрсеткіштерін көрсететін, ДСИ болып саналады. Көптеген шетел зерттеушілері ДСИ-нің жоғарылауы макросомияның жоғарғы қаупін анықтаған, бірақ ДСИ нақ сынақтық мәндері әртүрлі: D. Getahun, T. Miazgowski – 23 кг/м²; C.A. Asplund, D.A. Seehusen, A.B. Gilmartin – қалыпты ДСИ-дан 25,0% жоғары; V. Tomic, X.Wang, K. Bosnjak 26 кг/м² – ден жоғары; E. Romejko, U.M. Schaefer-Graf, X. Zhang, C.I. Kamanu, S. Onwere – 28,1 кг/м² – тан жоғары [16, 17, 18, 19, 20, 21, 22].

Т.В. Слабинская және басқа авторлар ата-аналарының параметрлерінің жоғарылауы мен жаңа туған нәрестелер орташа салмағының жоғарылау көрсеткіштерінің арасында нақты байланыс жоқ екендігін анықтаған [23].

Анасының дене салмағының көлемі физиологиялық ағыммен жүрген жүктілік кезінде аз ақпаратты болады, ол үлкен жеке ауытқулармен болады, әсіресе зат алмасу бұзылыстары бар әйелдерде [24, 25, 26]. Бірақ барлығын алғанда көптеген авторлар 6 жүктілікке дейін патологиялық салмақ қосу ірі салмақты балалардың туылу қаупін жоғарылатады [27]. Дене салмағының қосылу көлемі апталық та, жалпылық та ірі ұрықты жүкті әйелдерде жоғарырақ және макросомияның антенатальді диагностикасына қызығушылық тудырады [28, 29, 30, 31, 32].

Барлық конституциональді типтегі жүкті әйелдердің антропометриялық белгілері өзгерістері әрқашанда қалындайды. Жауырынастылық және кеуде қатпарлары әрқашанда қалындап, бейімділігін көрсетеді. Сол уақытта қалған қатпарлар қалыңдығы (алдыңғы иықтық, тізелік, балтырлық) не өзгермейді, не аз ғана шамада өзгереді. Бұл процестер астеникалық типтегі жүкті әйелдерде ұрық макросомиясы дамыса, айқын көрініс береді. Көрсетілген мәліметтер ірі ұрық дамуының түзілуін анасының тері-май қатпарларының өзгерісімен болжап және жорамалдауға болады. Бірақ берілген әдістің ықтималдылығы жоғары емес [23].

Макросомияның көптеген себептерінің бірі болып, етеккір қызметінің бұзылысы болып саналады, олардың орнығу ерекшеліктеріне қарай. Үлкен салмақтағы балаларды туған әйелдерде жиі ерте (12 жасқа дейін) және кеш (15 жастан кейін) етеккірдің болуы бақыланған [33].

Т.В. Слабинская ірі ұрықты және орташа салмақты ұрықты жүкті әйелдердің менархе орнығу жасы мен етеккір қызметтері арасында айырмашылықтары жоқ [23].

Анамнезінде ірі ұрық босанған әрбір әйелде аборттар (25,8%), өздігінен түсіктер жиілігінің жоғарылығы орташа салмақты ұрықты әйелдерде бұл көрсеткіш 3 есе төмен (9,6%) [34].

Акушерлік-гинекологиялық анамнезін зерттеу, аборттар санының көптігі ұрық макросомиясының салыстырмалы даму қаупін өсіртеді. Санақтық айырмашылығы 4 немесе одан да көп аборттар, осы болатын босануда 2 есе

қаупі жоғарылайды [35].

Анамнезінде ірі ұрықты босанулар болса, келесі босанулар ағымына әсері болуы мүмкін. Әдебиет дереккөздеріне жүгінсек, макросомия қауіп анамнезінде ірі ұрықты босанулары бар әйелдерде жоғары [29, 36, 37, 38, 39].

Көптеген шетел авторлардың зерттеуі бойынша макросомияның генезінде ұзақ гестацияаралық интервалдың рөлінің бар екенін айтады. Жүктілік кезінде метаболикалық процестердің бұзылысы жиі семіздікке алып келеді, ірі ұрық туылуымен байланыстырады. Ірі ұрықты әйелдерде семіздік жиілігі әртүрлі дереккөздерде 32,0% – дан 48,0% аралығында құрайды [28, 37, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46].

А.Л. Черепнинаның (2006) кеш зерттеулерінде 16 әйелдің бойы орташа алғанда (160–170 см) және (166-168 см), ұзын бойлы (170 см-ден жоғары) макросомиялы әйелдер тобында 2 есе көп. (44,0% және 28,0% сәйкес). Жаңа туған нәрестелердің әкелері арасында жартысынан көбінде 180 см-ден жоғары (1 және 2 топтарда сәйкесінше 64% және 4–3%). Қайта босанушылар арасында 32,0% жағдайда алдыңғы босануларда 4000 г-нан жоғары туылған балалар болған (бақылауда – 8,0%) [14].

Экстрагенитальді патологиясы бар макросомиялы әйелдерде жиі қант диабеті, семіздік және тағы да басқа эндокринді аурулардың рөлі бар [47, 48, 49, 50], бірақ олардың әсер етуі әртүрлі қарама-қайшы.

Әдебиеттер мәліметтері бойынша, экстрагенитальді аурулар макросомиялы және нормосомиялы жүкті әйелдерде бірдей жиілікте кездеседі — 8,0% шамасында [51, 52].

Л.О. Чернявскаяның мәліметтері бойынша, ірі ұрық босанған әйелдерде экстрагенитальді аурулар семіздік пен қант диабетін алмағанда 1,1–1,9 есе сирек кездесетінін анықтаған [53].

L. Raio және бірқатар шетел авторлары макросомиялы әйелдерде артериальді гипертензия жиілігі жоғарылағанын анықтаған [54].

А.Л. Черепнина 4,0% ғана макросомиялы әйелдерде жүрек-қантaмыр жүйесі патологияларын анықтаған (12,0% бақылау тобында) [14].

Макросомияның қауіп факторларына гестациялық қант диабетін қосады [5, 46, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62] және қант диабетті де [24, 48, 63]. Бірақ та макросомияның генезінде маңызды рөлі болу мүмкіндігі жоқ, себебі жалпы макросомиялы әйелдердің 0,6% ғана ауырады [24]. Қант диабеті ірі ұрықты әйелдерді жалпы алғанда 0,6–0,9%-ды құрайды [64, 65, 66].

Әдебиеттер анализі кезінде макросомиялы жүкті әйелдерде көмірсу алмасу өзгерістеріне толық баға беру күрделі, себебі бірқатар авторлар глюкоза деңгейінің жоғарылауын және гиперинсулинемияны айтады, ал басқалары жоққа шығарады [24, 64, 67].

Макросомия кезінде қалқанша безін зерттеу рөлі еш күмәнсіз қызығушылық тудыртады, себебі анасының тиреодты гормондары ақуыздық және липидтік алмасу күштілігінің өсуіне әсері бар, дамып жатқан ұрық нерв жүйесінің түзілу және оссификация процестерін анықтайды. Қалқанша безі қызметі туралы алынған мәліметтер ірі ұрықты жүктілік кезінде бір-біріне қарама-қайшы. Кейбір авторлар ұрық макросомиясымен әйелдерде тиреоидты

гормондар секрециясында айтарлықтай өзгерістерді жоққа шығарады [64].

Басқалары жүктілік ағымы кезінде әсіресе ірі ұрық болғанда қалқанша без гормондары құрамының айырмашылығын табады [24].

А.Л. Черепнина (2006) нормотрофиялық нәрестелерді босанған әйелдер арасында асқазан – ішек трактысы ауруларының үлкен емес жиілігіне (24,0%) назар аударады, ірі салмақты нәрестелерді босанған әйелдермен салыстырғанда 35,0% құрайды. Оның мәліметтері бойынша анемия жиілігі макросомиялы әйелдерде бірнеше есе жоғарырақ болған, бірақ айырмашылықтары статистикалық жағынан расталмады. Айқын анемия бірде – бір жүкті әйелде ірі ұрықтыда да, орташа салмақтыда да анықталмады [14].

Шетел зерттеушілері қант диабетінсіз 24093 жүкті әйелдерде 4000 г-нан ұрықтар туылуының қауіп факторларын зерттей, мынадай қорытындыға келді, жүктілікке дейін дене салмағы 80 кг және бойы 190 см-ден жоғары әйелдерде екі есе ірі салмақты нәрестелер туылған [12].

Көптеген отандық және шетел зерттеушілері әкесінің антропометриялық көрсеткіштер ұлғаюымен, әсіресе оның бойы, ұрық салмағына ірі ұрықтардың туылуы жиілігінің жоғарылауға бейімділігін анықтаған [14].

Нәсілдік және этникалық жағынан ұрық салмағына әсері бар туралы қызықты мағлұматтар алынған. Р. Thomas және автор көмекшілері 27229 босанулар анализінде (мерзімді жүктілік, бір ұрықты), латын американдықтар мен европидты нәсілді ұрықтар негроидты нәсілді ұрықтарға қарағанда, салмағы жоғары болған [12].

Ірі ұрық дамуында климаттық-географиялық жағдайлар ерекше рөл ойнайды. Л.О. Чернявскаяның көрсеткіштері жоғары таулы аймақта ірі салмақты нәрестелер 3 есе сирек туылған, жазық аймақтарға қарағанда [68].

Көптеген авторлар негізгі факторлардың бірі ірі ұрыққа алып келетін, алиментарлы фактор екенін анықтаған [69].

Тамақтану жөнінде анализдің көрсеткені (ас мәзірінің химиялық құрамы және азық-түлік жиынтығы) ірі салмақты және орташа салмақта туылған нәрестелер аналарының ас мәзірі әртүрлі болған. Ірі салмақты нәресте туған әйелдер мәзірінде макарон өнімдерін, картоп, қант, май, сонымен қатар олардың ас мәзірінде жеміс-жидек, көкөністер, жұмыртқа аз көлемде болған. Ұрық макросомиясына алып келетіні, көп мөлшерде көмірсуларды қолданған жағдайда болады [24].

Патологиялық салмақ қосу статистикалық жағынан ірі ұрықты жүкті әйелдерде кездескен [14].

Анамнезінде босану саны көбейген сайын, ірі ұрық туылу мүмкіндігі жоғарылайды. Cunningham F.G. және автор көмекшілері 2082 ірі салмақты ұрықтар босануында, 1-ші босанудан 6-шы босануға дейін және одан да көп босану болса, 4500 г-нан жоғары нәрестелер туылады [70]. Басқа зерттеуде ұрық салмағы 80–120 г-нан әр босану сайын қосып отырған (беске дейін).

А.Л. Черепнинаның зерттеуі бойынша, қайта босанған сайын жақсы жағдай туындаса жатыр қабырғасының қантамырларының қанық дамуына байланысты құрсақішілік қоректенуінің жақсаруынан ірі салмақты нәрестелер туылатынын көрсеткен. Қайта босануда ұрық қорегінің жақсаруына

кеңістіктік жағдайы оның дамуына ұрық орнының созылуының ерекше орны бар. Сонымен қатар, кейбір авторлар босану саны мен ірі ұрық дамуының арасында байланыс бар екенін жоққа шығарады.

Ірі ұрықты жүкті әйелдерді зерттегенде нормотрофиялық нәрестелер босанған әйелдерге қарағанда, анамнезінде жасанды аборт саны көбірек болған.

Әдебиеттерде, алдындағы босануларында 4000 г-нан көп болса, ірі ұрықтар туылу қаупі жоғарылайды. Қайта ірі ұрық туылуы қалыпты салмақты және бойы 145-тен 160 см әйелдерде 54,9% бақылаулар тіркелген, ана – плацента – ұрық жүйесінде метаболикалық деңгейде өзгерістер мен түсіндіріледі [14].

Әдебиеттерден алынған мағлұматтар бойынша, ұрық макросомиясының дамуына келесі факторлар әсер еткен: босану арасында үлкен аралық, шылым тартпайтын әйелдер, кофе мүлдем ішпейтін немесе аз ішетін жүкті әйелдер, неке кезіндегі жүктілік, жоғары оқу білімі, артериальді гипертензия, преэклампсия [7, 12]. 35 жастан асқан әйелдерде ірі салмақты нәрестелер туылуы деңгейі жоғары, 18 жастан кіші әйелдерде макросомия туылу тән емес [7].

Көптеген отандық және шетел зерттеушілер ірі ұрықты жүкті әйелдердің зат алмасу ерекшеліктерін анықтаған. Әдеби мәліметтерге сүйенсек, жүкті әйелдердің қанындағы қант концентрациясы макросомия кезінде салыстырмалы түрде әртүрлі. Сау жүкті әйелдерде көмірсу алмасуы қанның биохимиялық анализі көрсеткіштері (гликемия деңгейі ашқарынға), жүктіліктің әртүрлі мерзімдерінде қант қисықтығын екі реттік қант жүктемесінен кейін тексеріп, көмірсу алмасуын нақты көрсетеді [14].

Бірқатар ғалымдардың ойынша, алынған нәтижелер көмірсу алмасу бұзылысының жиі кездесуі ірі ұрық кезінде анықтау қиынырақ [71]. Олардың ойы бойынша, ірі ұрықтың туылуы анасының қартайған шағында инсулинге тәуелді емес диабет дамуының ізашары.

Зерттеушілердің көбісі анасындағы қант диабеті ірі ұрықтың туылу қаупінің негізгі факторы болып саналады. Бірқатар әдебиеттерде көмірсу алмасу бұзылысымен жүкті әйелдер арасында ірі ұрық жиілігі 21,0–48,0% шамасында ауытқиды [72, 73]. Қант диабеті бар жүкті әйелдер ұрығының қарқынды өсуі гипергликемиямен байланысты, әсіресе үшінші триместрде. Бұл жағдайда ұрық макросомиясының патогенезі келесідей: анасының гипергликемиясы ұрық гипергликемиясына алып келеді, бұл өз кезегінде гипотрофияға және ұйқы безі р-клеткаларының гиперплазиясына алып келеді, ол инсулиннің секрециясы мен синтез орны болып табылады. Нәтижесінде ұрықта гиперинсулинемия дамиды, ұрыққа анаболикалық әсер береді, әсіресе инсулин-сезімтал тіндерге (бауыр, бұлшықет, жүрек бұлшықеті және теріасты шел май қабаты), макросомияға алып келеді [74].

Американдық және түрік зерттеушілері қант диабетімен ауырмайтын аналардың ірі ұрықтар кіндік қанынан С-пептид (эквивалентті инсулиндер санында түзіледі) концентрациясын анықтаған. Осындай ұрықтарда қалыпты салмақтағы ұрықтардықыне қарағанда, пептид деңгейі жоғарырақ [75].

М. Коллинс өзінің жұмысында ұрық макросомиясы және қалыпты салмақтағы ұрықтардың көмірсу алмасу бұзылысы жоқ жүкті әйелдердің амниотикалық сұйықтығындағы әртүрлі жүктілік мерзімінде инсулин, С-пептид және глюкоза деңгейлерін тексеріп зерттеген. Жүктілік кезінде ірі ұрықтардың инсулин деңгейі аздап жоғарылаған, сонымен қатар орташа салмақтағы ұрықтарда 7 есе артқан. Орташа салмақтағы амниотикалық сұйықтықтағы глюкоза концентрациясы жүктіліктің мерзіміне байланысты (40 аптаға таяу төмендеген), ал ұрық макросомиясы, әсіресе 4500 г-нан көп болса барлық жүктілік мерзімінде амниотикалық сұйықтықта глюкоза деңгейі өзгермей, жоғары деңгейде қала бергенін автор көрсеткен. Алынған нәтижелерін анализ жасау барысында, глюкоза утилизация процесі қалыпты жағдайда интенсивті болған, қағанақ суында концентрациясы төмендеген, ал ұрық макросомиясы кезінде қағанақ суындағы жоғары санды инсулинге қарамастан, глюкоза утилизациясына төмендеген, қағанақ суында жинала берген. Зерттеушілер қағанақ суында С – пептид деңгейінің тез жоғарылауымен қатар ұрық салмағы ұлғайғанын анықтаған. Пептид құрамының баяу ұлғаюы 4500 г және одан жоғары ұрық салмағы көбеюі анықталған. М. Коллинс көрсеткіштері бойынша, қағанақ суындағы С-пептид деңгейі ұрық бойы маркері ретінде табылады. Метаболикалық бұзылыстарының жалпы кестесінде ұрық макросомиясы дамуына алып келетін липид алмасуы өзгерістерінің орны бөлек. [76].

Ұрық салмағы туылған кезде ана қанындағы липидтер деңгейі арасында өзара байланыс бар. Ірі салмақты балаларды босанған жүкті әйелдерде гиперхолестеринемия анықталған, сонымен қатар қан сарысуындағы төменгі тығыздықтағы липопротеидтер мен жалпы липидтер мөлшерінің көбеюіне бейім. Кіндік қанындағы липид алмасу көрсеткіштері анализінде (жалпы липидтер, жалпы холестерин, липопротеидтер) ұрық салмағы өскен сайын жоғарыда айтылғандардың концентрациясы жоғарылаған (жалпы липидтер, жалпы холестерин, Р-липопротеидтер концентрациясының қатысында айырмашылықтар бар). Эстроген мен плацентарлы лактогеннің жоғары секрециясына байланысты ірі ұрықтағы гиперлипидемияны оның бойы мен дамуын қалыптастыратын фактор ретінде қабылдауға болады. АКТГ, бой гормондары, глюкокортикоидтар әсері май депосындағы май мобилизациясында рөлі бар [77].

Ұрық макросомиясы кезінде жүкті әйелдерде эндокринді бездер қызметін зерттегенде бірқатар ерекшеліктерді анықтап алған. Жүктілік дамыған сайын прогестеронның динамикалық өсуі ірі салмақты ұрық кезінде айқынырақ. Жаңа туған нәрестелер қан сарысуындағы прогестерон деңгейі жоғарырақ, анасынықыне қарағанда, ірі салмақты жаңа туған нәрестелер гормон мөлшері көп, нормотрофиялықтармен салыстырғанда, бұл ұрық метаболиттік қамтамасыздануында прогестеронның рөлі бар екенін көрсетеді. Ұрық макросомиясы кезінде ана сарысуындағы плацентарлы лактоген деңгейі жоғары, жүктілік кезінде нормотрофиялық ұрықтардағыға қарағанда осы гормонның деңгейі 45–80 есе кіндік қанында төмен, осыдан плацентарлы кедергіден плацентарлы лактогеннің аздап өтетіні туралы қорытынды

шығаруға болады. Гормонның әсерінен ұрық бойы мен дамуына ана организміндегі метаболикалық процесстернің ықпалы бар [14].

Ірі ұрық дамуында гипофиздің тиреотропты гормон мөлшерінің аздап өсуі анықталған, жүктіліктің ІІ триместріне жақын тироксин және трийодтиронин концентрациясының жоғарылауы, ұрық макросомиясы кезінде қалқанша безінің жоғарғы активтілігін көрсетеді [8, 78].

Соңғы жылдары (1995–2004 жж.) әдебиеттер де ірі ұрық патогенезінде өсуінің әртүрлі факторлар қатысуымен көптеген көрсеткіштер пайда болды. Ұрық пен плацента өсуі, өсудің инсулинтәрізді факторлар (ӨИФ) жүйесімен реттеледі: ӨИФ-1 және ӨИФ-2. Бұл өсу факторлары фетоплацентарлы кешен дамуында маңызды рөл атқарады. Олар митогенді әсер береді, ұрық және плацентаның метаболизм процестері мен тіндер дифференциациясына қатысады. ӨИФ-1 және ӨИФ-2 кодтаушы гендер ұрықтың барлық тіндерінде бар, жүктіліктің 2 және 3 триместрлері бойына ӨИФ-2 гені экспрессиясы ӨИФ-1 гені экспрессиясынан асады. Жүктіліктің аяғында ӨИФ-1-ге қарағанда, ӨИФ-2 ұрық қанайналымында 3–10 есе көп.

Фетоплацентарлы кешеннің өсуіне ӨИФ әрекетімен байланысқан ақуыздар қарқынды немесе әлсіз өтеді. Тіндердегі ӨИФ-1 ген фетоплацентарлы кешеннің гормональді статус пен плацента арқылы қоректі заттардың түсуі әсер етуі мүмкін. ӨИФ-2 ген, ұрық өсуін плацента арқылы әсер етеді, одан басқа ұрық тіндеріне тура паракринді эффект береді [79].

Кіндік қанындағы ӨИФ деңгейі және туылған кездегі салмағы арасындағы корреляция туралы мәліметтер қарама-қарсы [68]. Көп зерттеушілер кіндік қанындағы ӨИФ-1, ӨИФ-2 және ӨИФСБ-3 деңгейлері жоғары болуы көмірсу алмасу бұзылысы жоқ жүкті әйелдердегі ұрық макросомияларының арасында тығыз байланыс бар екенін көрсетті [79, 80, 81].

Туылған кездегі ұрық салмағы мен кіндік қанындағы лептин концентрациясы, сонымен қатар плацента салмағы, бойының ұзындығы мен жаңа туған нәрестенің бас айналымының мөлшерінің де арасында оң корреляциялық байланыстың бар екенін анықтаған [82]. Адипоциттерде лептин түзіледі және энергетикалық алмасудың маңызды реттеушісі болып саналады. Ұрық салмағына оның әсері аяғына дейін зерттелмеген. Осы гормон ӨИФ жүйесіне өзара әсер етуі мүмкін.

Yang S.W., Kim S.Y. және авторлар көмекшілері кіндік қанындағы лептин мен ӨИФ-1 деңгейлері нормотрофиялық ұрықтарға қарағанда, ірі ұрықтарда жоғары болған. Лептин концентрациясы кіндік артериясындағыға қарағанда көктамырда жоғарырақ, осының негізінде плацентаның да лептин өндірілуінде қатысы бар екенін айтуға болады [81].

Аса назар аударатыны ірі ұрық кезінде плацентаны зерттеу болып саналады, себебі ұрық өсуінде және құрылуында үлкен маңызы бар.

Нормотрофиялық ұрықтардың плаценталарына қарағанда, макросомиялар плаценталарының салмағы мен мөлшері үлкенірек [82, 83].

Макросомия кезінде плацентаның орташа салмағы $790,6 \pm 9,5 \text{ см}^3$ және

699,0±12,7 см³ құрайды (нормотрофиялық ұрықтарда 567,1 ± 6,5 см³ және 497,5 ± 9,1 см³). Плацентаның үлкен мөлшерлері ұрық макросомиясымен қатар қандай да бір басқа фактордың әсерінен болуы мүмкін [14].

Ірі ұрық кезінде плацентаның орналасуы негізінен артқы қабырғасында орналасады [84]. Бұл жатырдың әртүрлі аймақтарының әртүрлі интенсивтілікте қанмен қамтамасыз етуімен түсіндіріледі. Ірі салмақты балаларды туған әйелдердің шеткі қан ағымының жылдамдығы орташа салмақты нәрестелерді туған әйелдерге қарағанда, 20,2%-ға, плацента перфузиясы – 21,6%-ға жоғары.

1.2 Ұрық макросомиясының диагностикасы

Босану жарақаты мен перинатальді өлімнің бірден-бір себебі болып, ұрықтың үлкен салмағын есепке ала отырып, босануға дейін ұрықтың салмағын босануға дейін анықтауға жоғары назар аудару керек. Қазіргі уақытта ұрық салмағын анықтау әдістері көп (анамнез жинау, сыртқы акушерлік тексеру әдістері және ультрадыбыстық фетометрия), бірақ олар нақ анықтай алмайды.

S.L. Boulet және басқа зерттеушілердің ойлары бойынша анамнез жинаумен бірге сыртқы акушерлік тексеру әдістерін (анасының туылған кездегі салмағының алдындағы босанулардағы нәрестелер салмақтары) қолданса, ұрықтың салмағын нақты дәлірек анықтауға көмектеседі, бірақ күмән туғызады [85].

Клиникалық әдістер қарапайымдырақ, бірақ олар тарихи жағынан мәнді болып табылады. Клиникалық әдістердің нәтижелеріне ұрық болжам салмағын бағалауға бірқатар факторлар әсер етеді: анасының конституциональді ерекшеліктері [86], ұрықтың орналасуы, қағанақ суының мөлшері және негізгі фактор – тексерушінің тәжірибесі [11].

Жорданианың классикалық әдісіне сәйкес, ұрық салмағы іш айналымын жатыр түбі биіктігіне көбейткенге тең. Керекті өлшемдерді алу үшін жүкті әйел горизонтальді қалыпта және босатылған қуықпен жатуы керек. Барлығына мәлім, дәрігер өзінің тәжірибесімен Леопольд әдістері арқылы ұрық болжам салмағын анықтай алады, бұл субъективті көрініс болып табылады. Жатыр түбінің биіктігін өлшеу мен Леопольд әдістерін қоса жүргізсе, бақылау бойынша 28,0–53,0% ұрық салмағын дұрыс анықтауға мүмкіндік береді [14].

А.В. Рудаковтың әдісі бойынша болжаммен жатыр көлемі индексі (жатыр түбі биіктігін оның көлденең мөлшеріне қатынасы) және кесте арқылы ұрық салмағын есептеуге болады.

Үлкен тәжірибелік қызығушылықты З.С.Стройкованың ұрық болжам салмағын анықтау әдісі болып саналады, бұнда жүкті әйелдің өз салмағы ескеріледі.

АС – жүкті әйелдің салмағы (граммен); IA – іш айналымы (см-мен); ЖТБ – жатыр түбінің биіктігі (см-мен); К- константа (жүкті әйелдің салмағына байланысты анықтау кесте бойынша).

А.Я. Якубова әдісі арқылы мына формуламен ұрық салмағын анықтауға болады. $ҰБС = (IA + ЖТБ) / 4 \times 100$, мұнда I-іш айналымы, ЖТБ- жатыр түбінің биіктігі. Бұл формуланы қағанақ қабы бүтін алғаш босанушылардың ұрық болжам салмағын анықтау кезінде қолданылады. Қайта босануларда алынған нәтижеге 50 г қосады, 3-4 босанулар кезінде 150 г қосады. Бұдан басқа, босану санына қарамастан анамнезінде қағанақ суының кетуі болса, алынған нәтижеге 100 г қосады.

А.А. Добробольский жаңа туған нәрестелер салмағы жүкті әйелдің бойына тәуелді екенін анықтаған.

$$ҰБС = (\text{Ана бойы} - 90 \text{ см} \times 0,05) \quad (2)$$

ҰБС – ұрық болжам салмағы, 0,05–5% жаңа туған нәрестелер салмағына жүктіліктің 38–40 аптасында ана салмағының қатынасы [14].

Ж.Ж. Нуркасымовтың әдісі кестені қолданумен негізделеді, онда жүкті әйелдің іш айналымы, қасағадан жатыр түбі биіктігі, ұрық басының маңдай-шүйде өлшемі, жатыр көлденең өлшемі, кіндік-омыртқа өлшемі (III бел омыртқа аймағында кіндік пен омыртқа аралығында жамбас өлшегішпен өлшенеді) есепке алынады. Ұрық болжам салмағы мына формуламен есептеледі:

$$X = EB / n \quad (3)$$

X- ұрық болжам салмағы, B – әрбір өлшемге сәйкес грамм бойынша ұрықтың орташа салмағы, ал EB – B өлшемі, яғни әрбір өлшемдеріне сәйкес ұрық орташа салмағы, n – өлшем сандары. Бұл әдіс көпсанды және күрделі математикалық есептеулер мен көп санды өлшемдерді – 57-ге дейін әртүрлі қосарламалар, ол өз кезегінде тәжірибеде кең түрде қолдануға дәрігерлердің жұмысын қиындатады. Одан басқа, әртүрлі параметрлерден қосарланған сандарды өлшеуге тәуелді болып табылады, 100 граммға дейін қателік 16,7%-дан 31,5% аралығында, 300 граммға дейін 46,3% – дан 77,8% аралығында, 500 граммға дейін 64,8% – дан 93,5% аралығында құрайды.

Мысалға алған зерттеулердің ішінде шынайы салмаққа сәйкес келуі 200 г шамасында қате беретін Ж.Ж. Нуркасымов (60,4%), З.С. Стройкова (45,6%), З.П. Якубова (45,2%) әдістері.

1 кесте – Әртүрлі формулаларды қолдану нәтижесінде ұрық болжам салмағын анықтаудың қателік жиілігі

Авторлар	Қателік жиілігі			
	± 200 г	± 201-500 г	± 501-1000 г	>1000 г
И.Ф.Жордани а	-13,8%+20,7% ±34,96%	19,23%+23,07% ±42,30%	-8,46 % +10,76% ±19,23%	+3,84%
А.В.Ланковиц	-13,84%+16,15% ±30,0%	-5,38 %+26,15% ±31,53%	-3,07 %+30,76% ±33,84%	+4,61%
Р.В.Джонсон	-13,07%+16,92% ±30,3%	-10,76 %+24,61% ±35,38 %	-4,61 %+21,53% ±26,15%	+8,46%
З.П.Якубова	-16,15 %+20,76% ±36,92	-23,6 %+22,30% ±45,38	-12,3 %+3,84% ±16,15	-1,53

Айтатын кететін жайт, ұрық салмағын анықтайтын формулаларда босануға дейін (ол уақытта зерттелмеген), жүктілігі қалыпты өтіп жатқан пациенттерде құрсақішілік ұрық бойын өсіретін немесе тежейтін факторлар ескерілмеген.

Ұрық жұмыртқасының дамуы мен өсуін бағалауда ультрадыбыстық зерттеудің акушерлік тәжірибеде қосқан үлесі мен жетістігі зор. Бірақ та ұрық болжам салмағын анықтаудың сапасын жақсартуға айтарлықтай өзгеріс берген жоқ. Ультрадыбыстық зерттеу арқылы ұрық өлшемдерін жеткілікті түрде анық өлшеуге және формулалар арқылы оның салмағын есептеп шығаруға болады, бірақ та әртүрлі ұрықтарда тін тығыздығы әртүрлі, сол себепті ұрық салмағын анықтау кезінде ультрадыбыстық фетометрия мүмкіндіктері шектеулі.

Ұрық салмағын есептеу әдістерінің ішінде кең таралғаны Hadlock формуласы өзіне бипариетальді өлшем, іш айналымы және сан ұзындығын қоса алып есептейді [87], Р.Р. Ибрагимов өз бақылауында ірі ұрықты анықтауда орташа қателік сараптамасында М. Shepard әдісі сәл ғана қателік бергенін көрсеткен [6].

Ресейлік зерттеушілер В.Н. Демидов пен авторлар көмекшілері және А.Н. Стрижаков пен автор көмекшілерінің формулалары төмен деңгейдегі қателікпен ұрық болжам салмағын көрсетеді. Сонымен қатар, бірқатар зерттеушілердің анықтауынша гипотрофиялық және нормотрофиялық ұрықтар салмағын формулалар көмегімен анығырық есептеуге болады [11, 88, 89].

Көптеген авторлардың ойынша қолданылып жүрген фетометриялық параметрлер ішінен ұрық дамуы мен өсуін көрсететін ең көрсеткіші оның іш айналымының өлшемі [90].

А. Jazayeri өзінің ретроспективті зерттеуінде іш айналымы 35 см-ден көп болса (жүктіліктің 38–40 апталығында) 93,0% жаңа туған нәрестелер салмағы 4000 г-нан асқан [79].

Р.Р. Ибрагимов өзінің жұмысында ұрықтың даму жағынан фетометриялық көрсеткіштері макросомия кезінде 1–4 аптаға алға жүретіндігін көрсеткен. Ұрықтың жылдам түрде өсуі жүктіліктің ІІІ триместрінің басында басталған және 38–40 аптаға жақындағанда жаймендеп өскен. Автор фетометрия көрсеткіштерінің сараптамасын жасау кезінде ұрық жылдам дамуының екі түрін белгілеп шығарды: симметриялы және асимметриялы (ұрық дамуының кідіруі түрлерінің аналогиясы). Асимметриялы түрі 71 ұрықтың 25-інде, ал симметриялы түрі 46-нда кездескен [6].

Ұрық болжам салмағын анықтау кезінде диабеттік фетопатиясы бар және жоқ ұрықтар арасындағы бар морфометриялық айырмашылықтарды ескеру қажет. Қант диабеті бар және қант диабеті жоқ жүкті әйелдерде І триместр бойына және ІІ триместр басында бірдей болады, бірақ та 24-нші аптадан бастап гипергликемия іш айналымының диспропорциональді ұлғаяды, ол майлы тіннің жиналуы мен висцеромегалияға байланысты, онда бас өлшемі қалыпты болып қалады [91].

J.S. Abramowiczтің ойынша, ұрт маңы аймағында майлы тіндердің жиналуы мен тағамдық заттардың түсуі арасында тығыз байланыстың бар екендігін айтады. Ұрттан ұртқа дейін орташа алғанда ірі ұрықтарда көбірек нормотрофиялықтармен салыстырғанда, айқын түрде көмірсу алмасудың бұзылысы аналарда анықталған [92].

В.М. Petrikovsky және автор көмекшілері зерттеуінде теріасты шел май қабаты орташа қалыңдығы алдыңғы құрсақ қабырғасында (кіндік сақинасы аймағында) ірі ұрықтарда нормотрофиялық ұрықтарға қарағанда айтарлықтай жоғары болған (7,0 мм-ге қарсы 12,4 мм-ге қарсы) [93].

Ұрықтың салмағы бас пен кеуде айналымына ғана байланысты емес, сонымен қатар қол аяқтарының айналымына байланысты айқын қызығушылық ұрық болжам салмағын бағалауда осы параметрлердің елеулілігі бар.

О.К. Sood ұрық салмағы мен иық жұмсақ тіндерінің қалыңдығы арасындағы оң корреляциялық байланыстың бар екенін анықтаған. Жоғарыда айтылған параметрі иық сүйегінің сыртқы жиегі мен ұрық иық сүйегінен дистальді тін арасында және 4000 г-нан көп ұрықтарда орташа алғанда 14,4 мм-ге тең (ұрықтар салмағы орташа болғандарда 11,5 мм), және ол анасының қант диабеті бар, жоғына байланысты емес [94].

R. Schwartz өз жұмысында, биометриялық өлшемдері бірдей ұрықтар туылған кезде әртүрлі салмақта болған, бұл жаңа туған нәрестелердің дене тіндерінің бірдей емес тығыздығын көрсетеді [95].

Үш еселік ультрадыбысты қолдану (1990-ншы жылдардың аяғынан бастап) дене көлемінің нақтырақ анықтау және ірі ұрықты анықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік берген. Бірақ та, R.L. Schild үш еселік пен екі еселік ультрадыбысты қосарлап қолданғанда, болжам салмақ пен шынайы салмағы арасындағы айырмашылық шамалы [96].

Бірқатар жұмыстарда, ана семіздігі де [97, 98], қағанақ суының көлемі де [9, 98] ультрадыбыстық фетометрия көмегімен ұрық болжам салмағын тура анықтауға еш әсері жоқ.

Сонымен қатар ультрадыбыстық фетометрия көрсеткіштерінен басқа компьютерлік бағдарламалар бар, оған анасының антропометриялық және демографиялық көрсеткіштері енгізілген, анамнезі (ірі салмақты нәрестенің туылуы), жүктілік мерзімі, жатыр түбінің биіктігі, антенатальді кезеңде 80,0% жағдайда ұрықтарды минимальді қателікпен анықтауға болады [86].

1.3 Ұрық макросомиясы кезіндегі жүктілік пен босану ағымы

Үлкен медициналық және әлеуметтік мәні бар болып ана жағынан асқынулар саналады, ұрық макросомиясы кезінде анте-,интра- және постнатальді кезеңдерде жиілігі орташа салмақтағы балаларды туған әйелдерден жоғары.

Ресейлік және шетел зерттеушілерінің ойынша ұрық макросомиясы кезінде антенатальді кезеңдері жүктілік ағымы, ерте мерзімінен бастап жоғары пайыздық асқынумен көрініс береді [7, 8], бірақ та бұған қарасты ұқсас мағлұматтар жоқ. Л.А. Акопян мен В.И. Ямпольская ерте токсикоз 2 есе жиі кездескен, басқа зерттеушілер ірі және нормотрофиялық ұрықты жүкті әйелдерде бұл асқырудың жиілігінің айырмашылығы барын анықтамаған [99].

Анемиялар ірі ұрықты жүкті әйелдерде 2 есе жиі анықталған, ауыр дәрежелі анемиялар макросомия кезінде кездеспеген [8].

Макросомиялы жүкті әйелдердің жүктілік кезеңінің асқынуларының ішінде сугіздік ерекше орын алады, ол амниотикалық сұйықтық көлемінің фетальді қорының күшеюімен макросомия кезінде плацента-ұрық жүйесінде анаболикалық процесстердің белсенділігінің болуымен түсіндіріледі.

Мерзімі жетілген жүктілік кезінде амниотикалық сұйықтықтың индексі 15 см-ден жоғары екі еселенеді, ал 18 см 6 есе 4000 г-нан жоғары салмақтағы балалардың туылуын көбейтеді [100].

Әдебиеттердің мәліметтері бойынша, макросомия кезінде мерзімнен кеш босану жиірек кездеседі [101], оның кездесу жиілігі 5,8%-дан 19,5% аралығында екенін әртүрлі авторлардың көрсетуі бойынша, нормотрофиялық ұрықтарды бұл көрсеткіш бірнеше есе асып түседі [38].

А.Ф. Яковцев және авторлар көмекшілері 150 ірі ұрықтардың плаценталарын зерттеп, мынадай қорытындыға келген, ұрық макросомиясы кезінде плацента жүктіліктің аяғына дейін толығымен ана мен ұрық арасындағы иммунды барьердің қызметін атқарып шығады, ал HbA-Og антигендер трофобласттарының болмауы мен көрінетін супрессорлық әсерімен лимфоплазмацитарлы инфильтраттардың болуы мерзімінен асқан жүктілікке алып келеді.

А.Ф. Яковцев және көптеген авторлар ірі ұрықты әйелдерде жүктілік кезеңі асқынған ағыммен екенін көрсетсе, көп жағдайда (70,0% шамасында)

еш патологиялық ауытқусыз өткен, ірі ұрық жүктіліктің жақсы ағымда өтетіні туралы қорытынды жасаған [102].

Қазіргі әдебиеттерде, ірі ұрық кезінде жүктілік ағымы мен босану жағдайлары асқынулары жиілігі жайлы әртүрлі диаметральді қарама-қарсы ойлар бар, ал интранатальді кезеңге қатысты барлық авторлардың ойы бірдей, 4000 г-нан көп ұрық салмағы босану кезінде жағымсыз перинатальді ақырының маңызды қауіп факторы болып саналады [7, 8].

Көптеген авторлардың ойы бойынша, ұрық макросомиясы кезінде интранатальді кезеңде негізінен екі факторға байланысты – ұрық басы мен ана жамбасы мөлшерлерінің сәйкессіздігі және созылған жатырдың жиырылу қызметінің бұзылысы [14].

Ұрық макросомиясы кезінде уақытынан бұрын қағанақ суының кету жоғарғы пайызы (Л.А. Акопян мәліметтері бойынша нормотрофиялық ұрықтарға қарағанда, 2 есе көп), бұл ұрық басы мен ана жамбасы мөлшерлерінің сәйкессіздігі нәтижесінде ішкі белдік қиыстырудың жоқтығымен түсіндіріледі. Уақытынан бұрын қағанақ суының кетуі босану ағымының ұзаққа созылуына жиі алып келеді [99], сол себепті алғаш босанушыларды ұрық макросомиясы кезінде орташа босану ұзақтығы, қайта босанушыларда да орташа салмақтағы ұрықтар кезінде бұл көрсеткіш өседі (1 және 2 кезеңдер есебінен) және алғаш босанушыларда орташа 16 сағ 28 мин, қайта босанушыларда 10 сағ 18 мин (нормотрофиялық ұрық кезінде 13 сағ 17 мин және 8 сағ 44 мин сәйкес) [14].

Бірқатар зерттеушілер ірі және нормотрофиялық ұрықтарымен босанушы әйелдерде жатыр мойны ашылу кезеңінің ұзақтығы бірдей, босанудың II кезеңі макросомия кезінде ұзағырақ [103].

Мәліметтердің салыстырмалы анализдері көрсеткендей, ұрық салмағы өскенде босану қызметінің ақау жиілігі өседі, осы көрсеткіштердің өсу дәрежесі ұрық салмағына тура пропорционалды [24]. Босану қызметінің әлсіздігі екіншілік сияқты ірі ұрықты босанушыларда жиі кездеседі (әдебиет көрсеткіштер бойынша 43,0%-ға дейін), нормотрофиялық ұрықтар босану кезінде бұл көрсеткіш 3–6 есе көбейеді [58, 84]. Ірі ұрық кезінде босану қызметінің әлсіздігі дамуына алып келетін факторларға босануға әйел организмнің толық дайын еместігін, өздігінен және жасанды аборттар нәтижесінде жүйке-бұлшықет аппаратының қызметтік және анатомиялық жеткіліксіздігі, алдыңғы құрсақ қабырғасы мен жатыр бұлшықеттерінің созылып кетуі жатады [14].

Ірі ұрықты жүкті әйелдердің босануын жүргізгенде босану қызметінің әлсіздігі мен клиникалық тар жамбас арасында ажырату диагнозының аз емес маңызы бар. Шұғыл түрде кесір тілігі операциясына көрсеткіш құрылымында жоғарыдағы айтылғандар жетекші болып саналады. Ресейлік және шетел зерттеушілердің көрсеткіштері бойынша, нормотрофиялық ұрықты жүкті әйелдерге қарағанда, ұрық басы мен ана жамбасы мөлшерлерінің арасындағы сәйкессіздік белгілері макросомия кезінде 3–5 есе жиі кездеседі, ұрық салмағы 5000 г-нан жоғары болса, 11,0%-ға жетеді [7].

Көптеген зерттеушілер ұрық макросомия кезінде ана жарақатының үлкен жиілігіне алып келеді, бірақ та ірі және нормотрофиялық ұрықтар босанулары кезінде аналар акушерлік жарақаттары жиілігі бірдей [14].

Макросомия кезіндегі кесір тілігінен кейінгі жатырдағы тыртықпен өздігінен босану уақытында жатыр жыртылысы жиілігі туралы тәжірибелік жағынан маңызды мәліметтерді С.М. Zelop және автор көмекшілері алған. Қатаң асқынудың жиілігі ірі және нормотрофиялық ұрықтар кезінде берілген босанушы әйелдер санатындағыларда 1,6% құрайды, ол 1,0%-ға қарсы ($p>0,05$), әртүрлі авторлар мәліметтері бойынша жалпы популяциялық деңгейде 0,005–1,0%. 4250 г-нан жоғары ұрық салмағы кезінде босанушы әйелдер бір бөлшегінде жатыр жыртылысы болғанда, 2,4%-ға өскен. Авторлар мынадай қорытындыға келді, 4000 г-нан жоғары ұрық салмағы болса өздігінен босандыруға болады, 4250 г-нан жоғары болса, аса назар аударуды қажет етеді [103].

Ұрық үлкен мөлшерлері босану жолдарының жұмсақ тіндерінің жыртылыстары жиілігінің жоғарылауына алып келеді. К.Р. Lipscomb көрсеткіштері бойынша, 4500 г-нан жоғары ұрықтар кезінде аралық жыртылысының III дәрежесі, орташа салмақты ұрықтармен салыстырғанда 5 есе жиі кездеседі [14].

Сонымен қатар жапқыштық нервтің зақымдануы, шап буынының ажырауы мен ажырап кетуі жиі макросомия кезінде босанған әйелдерде кездеседі.

Ұрық макросомия кезінде қан кетулер мен бала жолдасы бөлінуі және босанудан кейінгі кезеңдегі қан жоғалту көлемі нормотрофиялық ұрықты әйелдерден жиілігі асады, бұл аса созылған жатырдың жиырылу қабілетінің төмендігі мен плацентаның орналасқан орнының үлкен көлемділігімен байланысты, сонымен қатар бала жолдасының бөліну кезеңінде үлкен жиіліктегі асқинулар кіреді (бала жолдасының бөлінуінің бұзылысы) [71].

Қан кетуден басқа ірі ұрық кезінде нормотрофиялық ұрыққа қарағанда, босанудан кейінгі кезең жатыр субинволюциясы, босанудан кейінгі эндометрит, іріңді-сепсистік аурулармен (босану жолдарының жұмсақ тіндерінің жыртылыстары мен қан кетудің нәтижесінен) асқынады, ол кезде босанған әйел стационарда ұзақ жатқызылып және келешекте репродуктивті қызметінің бұзылуы себебіне алып келуі мүмкін [104].

М.В. Павличенко мәліметтер бойынша, ұрық макросомиясы кезінде акушерлік қысқаштарды салу операциялар жиілігі 4,5% – ға, ал кесір тілігі – 26,6% – ға жетеді. Бұл зерттеулер 1990 жылдары жүргізілген [63].

Ұрық макросомиясы кезінде аса назар аударатын сұрақ болып, кесір тілігінің орны болып саналады. Зерттеушілердің арасында ортақ ойдың болмағандықтан, жүктілік және босанудың басқа асқинулары болмаған жағдайда жоспарлы кесір тілігіне ұрық салмағының қандай болуы керектігі белгісіз. Бірқатар авторлар 4500 г және одан жоғары салмақты ұрықтар болса басқа авторлар абдоминальді босандыруға 5000 г-нан жоғары салмақты ұрық болса, босандырады.

Ұрықтың болжам салмағын анықтау кезіндегі көп пайызды жалған оң нәтижелердің жеткіліктігінен мұндай алауыздықтар болады [105], сонымен қатар операция кезінде ана үшін (табиғи жолмен босанған ұрыққа қарағанда, үлкен дәрежеде) жоғары қауіптілік болады [106].

Ұрықтың үлкен салмақта болуы жоспарлы кесір тілігіне жалғыз көрсеткіш болып саналатыны туралы сұрақ даулы болып табылады, ірі ұрық пен асқынулы жайлармен (жатырдағы тыртық, 30 жастан асқан алғаш босанушылар, анатомиялық тар жамбас, гестоздың ауыр түрлері, алғаш босанушылардағы мерзімінен асқан жүктілік, ұрықтың дұрыс емес орналасуы, ұрықтың құрсақішілік гипоксиясы және т.б.) көптеген зерттеушілер ортақ оймен жоспарлы түрде оперативті жолмен босандыруды мақұлдайды [14].

Соңғы жылдары алдыңғы босануы кесір тілігінен кейінгі жатыр тыртығымен жүкті әйелдер саны өскен, осы әйелдерде ірі салмақты ұрықтармен қосарлануы ерекше қызығуды талап етеді. Шетел авторлар қатары, сонымен бірге акушер-гинекологтар Американдық коллегиясы ірі ұрықты жатыр тыртығымен жүкті әйелдер өздігінен босануға қарсы көрсеткіш болып саналмайтынын көрсетеді [103].

Алынған мәліметтер бойынша, ірі ұрық кезінде босандыру шарасы жүкті әйел организмнің босануға дайын екендігін анықтау есебімен өңделуі қажет, асқынған және гинекологиялық анамнезі, акушерлік пен экстрагенитальді патология және ұрық жағдайы ауырлығы әрбір ірі ұрықты жүкті әйелге арнайы жақындау керек.

1.4 Ұрық макросомиясы кезіндегі жалпы перинатальді нәтижелері

Ұрық макросомиясының маңызды мәселесі біріншіден, орташа салмақты ұрықтар арасындағыларға қарағанда, ірі ұрықтар арасында перинатальді ауру мен өлім біршама жоғары [8].

S.L. Boulet және автор көмекшілері 2003 ж. өткізген зерттеулер нәтижелерін назарға алмасқа болмайды (7,5 миллион босанулар анализдер негізінде алынған мәліметтер), перинатальді өлім салмақты санатымен аздаған айырмашылықтар бар екенін анықтаған 4000–4499 г., 4500–4999 г. және 3000–3999 г (0,4%). Жұмыста сонымен бірге 5000 г-нан жоғары салмақтағы ұрықтар арасында ПӨ нормотрофиялық ұрықтарға қарағанда (0,4% -ға 1,41% қарсы) жоғары болған [85].

Сау әйелдер ірі салмақты жаңа туған нәрестелердің интра-, постнатальді және ерте балалар өлімі себептері арасында басымы босану жарақаты болып табылады. Көп зерттеушілердің ойы бойынша, туылған кездегі ірі салмақты балалар нерв жүйесінің натальді зақымдану жоғарғы қауіп тобына жатады [8, 78], бұл асқыну ірі салмақты жаңа туған нәрестелердің шамамен 70,0%-да кездеседі. Клиникалық жағынан көзқарасы жағынан ірі салмақты жаңа туған нәрестелерде ОЖЖ перинатальді зақымданулар бас–ми қанайналысы бұзылысы мен бас ми ісігі, бас ми негізінің зақымдану симптомдары (үштік және бет нервтерінің зақымдануы, нистагм, бульбарлы

симптомды комплекс) нәтижесінде жалпы бас-ми симптомдарымен көрініс берген [14].

Бірқатар авторлар церебральді зақымданулар 4000–4500 г салмақтағы балаларда туылған кезде жиі кездескен, спинальді зақымданулар – бұдан аса ірі салмақты жаңа туған нәрестелерде жиі кездескен [8].

Ірі ұрықтардың жұлын жарақатының жоғарғы жиілігі туралы (омыртқаның мойын бөлігі, омыртқааралық дисктер, бас миы мен оның қабықшаларына қан құюлары, омыртқа артериялары арнасындағы ишемиялар) көптеген ресейлік және шетел авторларының мәліметтерінен табуға болады [8, 9].

4000 г-нан жоғары салмақты жаңа туған нәрестелердің 36,0%-ында айқын миатоникалық синдром анықталған, омыртқа артериясының интранатальді зақымдануы кезінде ми негізінің ретикулярлы формациясының ишемиясы типтік көрінісіне жатқызады. Жұлын ми нервтерінің түбіртек жарақаттары кезінде және диафрагмальді нервтің зақымдануы нәтижесінде диафрагма парезі дамуы мүмкін, клиникалық жағынан тыныс алу жетіспеушілігі симптомдары түрінде көрініс береді: жиі ретсіз тыныспен, зақымданған жағының кеуде клеткасының үрленуі, цианоздың қайталанатын эпизодтары. Жұлын миы мойын бөлігі жарақатының жоғарғы жиілігі туралы М.В. Полянская ірі салмақты жаңа туған нәрестелердің 40,0%-ында I–IV мойын омыртқалары орнынан жылжуы спондилография жасау кезінде анықтаған [107].

Макросомия кезінде иық буыны жарақаты сияқты шеткі нерв жүйесінің асқынуы жоғарылайды, бұл орташа салмақты ұрықтарға тән емес. Ұрық иықтарының дистоциясынан жиі болатын иық буыны жарақаттарының болуы: W.M. Gilbert мәліметтерінде иықтар дистоциясы 75,0% иық буыны жарақаттарымен ірі салмақты жаңа туған нәрестелердің босану ағымын асқындырды [9]. Әдебиеттерде иықтар дистоциясы кездесу жиілігіне үлкен салмақты ұрықтардың салыстырмалы әсері туралы мәліметтер әр қилы. T.S. Nesbitt мәліметтері бойынша осы асқынудың болуы 4250 г-нан жоғары салмақты ұрықтарда 10,0%-ды құрайды, 4500 г-нан жоғары салмақтыларда 20,0–30,0% шамасында ауытқиды. Сонымен қатар біршама авторлар қатары 50,0–60,0% ұрықтарда болған иықтар дистоциясы болған, олар 4000 г-нан аз [108].

Интранатальді кезеңдегі асқынулар арасында нерв жүйесінің жарақаттарынан басқа, ірі салмақты жаңа туған нәрестелер арасында жиі болатын асқынулар болып, сүйек пен жұмсақ тіндердің жарақаттары саналады. Кефалогематомалар мен подапоневротикалық қан құюлар жиілігі ұрық макросомиясы кезінде, орташа салмақты ұрықтардан 2–3 есе асады.

Босану жарақатынан басқа перинатальды ауру мен өлімнің жоғарғы көрсеткіштері ұрық макросомиясы кезінде ірі салмақты жаңа туған нәрестелерде асфиксияның әртүрлі дәрежелерінің көптеген кездесу жиілігі ресейлік зерттеушілер мәліметтері бойынша 12,0%-дан 74,0%-ға дейін құрайды, популяцияда бұл көрсеткіш 10–15 есе төмен [8].

Ерте неонатальді кезеңде Е.Р. Швечихинамен қанағаттанарлық

жағдайда туылған жаңа туған нәрестелер арасында 91,0% жағдайда бейімделу механизмдерінің қысым белгілері анықталған: «шектеулі жағдайлардың» айқын және созылған сипаты, неврологиялық бұзылыстар, респираторлы дистресс-синдромының үлкен жиілікте кездесуі. Сонымен қатар бірқатар клиникалық синдромдар кездеседі: ісінулік (38,3%), инфицирленуі (33,1%), гипертермиялық (7,8%), аспирациялық (5,8%), ісінулі-геморрагиялық (3,9%) [78].

Көптеген авторлармен анықталған ерте неонатальді кезеңнің жағымсыз ағымы ұрық макросомия кезінде интранатальді асқынулар ғана емес анықталатын (босану жарақаты, асфиксия), сонымен қатар елеулі дәрежедегі, антенатальді кезеңде де, туылғаннан кейін де метаболикалық бұзылыстардың әртүрлі түрдегі орны бар.

Сау әйелдер босанған ірі салмақты балалардың 16,0–20,0 %-нда алғаш 24 сағат өмірінде қанда глюкозаның төмен құрамын, алғашғы үш тәулікте жаймендеп жоғарылауын анықтаған [109]. Орташа салмақты жаңа туған нәрестелер арасында гипогликемия 10,0% жағдайда кездеседі. Нормотрофиялық балаларда бірде бір симптоматикалық гипогликемия анықталмаса, ірі салмақты жаңа туған нәрестелерде гипогликемияның клиникалық белгілерін әрбір бесінші балада бақыланған, тынышсыздық, тері жамылғысының цианозы, аяқ-қолдарының треморы және бұлшықеттік дистониялар. Патогенезін қарағанда, ірі салмақты жаңа туған нәрестелер қанында қант құрамының жоғары болуы антенатальді кезеңде плацента арқылы қоректі заттардың, әсіресе глюкозаның қарқынды енуімен түсіндіріледі [14], гиперинсулинемия мен глюкозаны жоғары деңгейде қалауына алып келеді. Гипогликемия генезінде плацентаның ажырауынан кейін ана қанағымнан глюкоза түсуінің бірден тоқтауында аз емес маңызы бар [110].

Бірінші кезекте полицитемия әсерінен қанның жоғары ұйығыштығы болады, ол тіндер перфузиясы бұзылысына алып келеді. Көптеген полицитемиясымен жаңа туған нәрестелерде клиникалық көріністер болмайды [96].

Ірі салмақпен туылған балалардың кеш ақырларын зерттеу кезінде алғашқы өмір сүру күндерінде неврологиялық симптомдардың өсуі мен кейіннен пайда болуы «қиялдағы әл-ауқат» феноменін сипаттаған. Туылған кезде нерв жүйесінің зақымдалған белгілері бар ірі салмақты жаңа туған нәрестелердің алғашқы өмір сүру жылында ауырлығы мен жиілігі жәймендеп азайған [13], бірақ бірінші өмір сүру жылының соңында балалардың 33,0%-ында қайта жалғасып бастаған, осыған ұқсас жалпы популяциялық көрсеткіштерінен үш есе асады [14].

Макросомия кезіндегі босанулардың сәтсіз нәтижелері орташа салмақты туылған ұрықтарға қарағанда, 3,6 есе жиі кездеседі, перинатальді жоғалтулар 3 есе жоғары [24]. Босану қызметінің әлсіздігі әрбір төртінші ірі ұрықты босанушы әйелдерде, ана жарақаты әрбір бесінші әйелде, атониялық қан кету 3 есе жиі, популяцияға қарағанда, жатыр субинволюциясы – 2 есе жиі кездеседі [24, 37, 103, 107]. Ірі ұрық пен гигант ұрық кезінде 3,0–7,0%

жағдайда клиникалық тар жамбас пен босану кезіндегі иықтар дистоциясы бақыланады. Иықтар дистоциясының жиілігі ұрық салмағының ұлғаюымен жоғарылайды және салмақтың 4000–4500 кезінде 5,0–6,0% -ды құрайды, ал 4500 г-нан асса, 12,0–19,0%-ды құрайды [46].

Церебральді бұзылыстар: парездер мен салдар (27,8%), спастикалық диплегиялар, қитарлық (8,3%), ОЖЖ қызметтік бұзылыстары (19,5%). S.L. Boulet және авторлар көмекшілері нәтижелерінде (1 миллион аса ірі ұрықпен босанудың ақыры) 5000 г-нан көп салмақты туылған балалар өмірінің алғашғы жылындағы өлімі 4,0% құрады, орташа салмақта туылған балалардан 2 есе көп [7].

4000 г-нан жоғары салмақта туылған балаларда ерте балалық кезеңде (3 жасқа дейін) популяцияға қарағанда, ауру (қант диабеті, жедел және жайылмалы респираторлы аурулар, анемия, аллергиялық дерматит, семіздік) жоғары деңгейде екені анықталған [24].

Барлық әдебиет мәліметтері ірі салмақтылар жіті арнайы диспансерлік бақылауды қажет етеді, ірі ұрықтықтың антенатальді алдын алудан басталады [38].

Ірі салмақты балаларда қалыпты салмақты балаларға қарағанда, жарақаттар жиі болады, әсіресе бас ми жарақаты [46, 94, 95].

Осы жағдайға байланысты перинатальді өлім 2500–3950 г. салмақты туылғандарға қарағанда, ірі салмақты балаларда 2–3 есе бұл көрсеткіш жоғарылайды [38]. Өлі туылған балалар арасында 4500 г-нан туылған 4,75%, ал 4500 г-нан жоғары салмақта 1,99% [5, 38, 59].

X. Zhang және басқа авторлар 4500 г-нан жоғары, 5000 г-нан жоғарыларға сәйкес, перинатальді және балалар өлімі мен аурулар қаупінің жоғарылауымен байланысты [98].

Әдебиеттерде босану кезіндегі асфиксияның жоғары жиілікте болуы ірі ұрықтарда 23,0%-ға дейін жететіні туралы мәліметтер кездеседі [111].

А.Л. Черепнинаның көрсеткіштері бойынша (2006), асфиксия жеңіл дәрежесіндегі балалар екі топта да бірдей жиілікте туылған, асфиксия орташа дәрежесі ірі салмақты жаңа туған нәрестелерде жиі анықталған (1,8%), асфиксия ауыр дәрежесі 0,4% нәрестелерде анықталған [14].

Мәселелер ішінде әдебиеттерде кең түрде талқыға алынатыны, ірі ұрықтың босану кезінде жарақаттануы және бұнымен ОЖЖ зақымдануы жатады. Осыдан келе, жалпыға мәлім перинатальді патология құрылымында ірі салмақты жаңа туған нәрестелерде ОЖЖ зақымдануы жетекші орын алады. Омыртқаның мойын бөлігі деңгейінде жұлын миының босану жарақаты жаңа туған нәрестелерде 11,0% жиілікте кездеседі [63].

А.И. Круч мәліметтері бойынша, ірі ұрық босану жарақаты 24,2% (ОЖЖ жарақаты 16,7% құрады), Е.А. Чернуханың мәліметтері бойынша - 0,08%. [95, 112].

Л.О. Чернявская, Т.В. Слабинскаяның зерттеулерінде иық, бұғана сынықтары, кефалогематомалар 0,9% макросомдарда анықталған. Ұрық иық белдігі дистоциясы кезінде асқынған босанулардың жиі кездесетін себебі болып саналады, жұлынның мойын бөлігінің қантамырлар бүтіндігінің

бұзылысы мен тыныс алу орталығы аймағына қан құюлар болады. Бұл асфиксия мен бас ми қанайналысының бұзылысына алып келеді. Жаңа туған нәрестелерде вертебробазиллярлық қантамырлық жетіспеушілігі каротидті жүйенің уақытша тынышталуымен болады. Бірақ та қантамырлық церебральді патология өседі және 54,0% әртүрлі жастағы балаларда неврологиялық белгі түрінде көрініс береді [23, 68].

Ірі салмақпен туылған балалар арасында Эрба-Дюшен салымен ауыратын науқастар, эпилепсия [27], иық, бұғана сынықтары, қолдарының парездері мен салы анықталған [113].

T. Harder, A. Plagemann (2008) өз зерттеулерінде туылған кездегі жоғары салмақ пен (> 4000 г) үш гистологиялық типтегі (астроцитоз, медуллобластома) бас ми ісіктерінің қауіп арасындағы өзара байланысты анықтады [114].

Z. Yu, J.Q. Sun (2007) қытайлық балалардың 1–3 жас аралығындағыларда семіздікпен ауыратынын, ал M. Mathew, S. Saquib (2003) – жастық шағында ауыратынын анықтаған [115].

Ірі салмақпен туылған балалар диабет пен семіздік ауруларына шалдығу қауіп жоғары [116, 117, 118].

Ірі салмақпен туылған қыз балалардың ерте пубертатты кезеңде қалқанша безі мен гипофиз-бүйрекүсті безі жүйесінде біршама қызметтік белсенділік анықталған.

Ерте менархенің пайда болуы гипофиздің гонадотропты қызметінің айқын жоғарылығымен (әсіресе пролактин және фолликула түзуші гормон) және аналық бездің эстрогенді белсенділігімен түсіндіріледі, әсіресе қан сарысуындағы прогестерон құрамының төмендігімен.

Ірі салмақты туылған қыз балалар гинекологиялық аурулары мен репродуктивті жасында жүктілік ағымының асқынуы мен гинекологиялық аурулардың даму қауіп тобына жатады [27].

Жағымсыз перинатальді ақыры, ұрық макросомиясы кезінде ана жарақатының үлкен жиілігін төмендету үшін, ірі ұрықтар жиілігін төмендету жолдарын табу қажет (қауіп факторларын анықтау), жүктілікті жүргізуді жақсарту, антенатальді анықтауды жақсарту, сонымен қатар 4000 г-нан жоғары салмақты ұрықтарымен жүкті әйелдердің босануын жүргізудің оптимальді шарасын өңдеп шығару.

2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

2.1 Зерттеу материалдары

Алдыға қойған шарттарды шешу үшін зерттеу 2 сатыда жүргізілді.

Зерттеудің бірінші сатысында Астана қ. босану мекемелерінің мұрағат материалдары мәліметтері бойынша ретроспективті анализ жасалды: жүктілік мерзімі 37–41 апта аралығындағы мерзімді босанулардың медициналық құжаттары.

Ірі ұрықты босанулар мен перинатальді ақырларының себеп факторларын анықтау мақсатында 50 жүкті әйел мен босанған әйелдердің алмасу карталары, босану тарихтары жай кездейсоқ механикалық таңдаумен алынды. Макросомияны анықтаудың әртүрлі зерттеу әдістеріне байланысты үш топқа бөлінді.

Босану тарихтарына анализ жасау барысында ескерілді: паспорттық бөлімі (аты, жөні, тегі., жасы, мамандығы), білімі туралы мәліметтер, ауырған сырқаттары, жарақаттар, операциялар, жеке мамандарда «Д» есепте тұруы, соматикалық статусының ерекшеліктері, гинекологиялық аурулар, етеккір және репродуктивті қызметтерінің сипаты, жүктілік кезіндегі тексерілген анализ нәтижелері, алдыңғы және осы жүктіліктері ағымдарының ерекшеліктері, ұрық жағдайы және ерте неонатальді кезеңінің ағымының ерекшеліктері.

Макросомиялы босанулардың себеп факторлары, асқынған соматикалық және акушерлік-гинекологиялық анамнезі бойынша, перинатальді ақырлары туралы ретроспективті анализ жасау барысында анықталды.

Ретроспективті анализдің нәтижелері статистикалық жағынан өңделді, макросомияны авторлар бойынша анықтаудың клиникалық жағынан елеулі әдісі анықталды.

Екінші сатысында № 3 Перинатальді орталығының жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесінде 2014-2015 жылдары бақыланған жүкті әйелдерге проспективті анализ жасалды. Құрсақішілік ұрық болжам салмағы 4000 г-нан жоғары болатын 150 жүкті әйелге ультрадыбыстық фетометрия арқылы ең нәтижелі әдісті таңдап алу мақсатында проспективті анализ жүргізілді.

Анализ жүргізу кезінде ескерілді: паспорттық мәліметтер (аты, жөні, тегі, жасы, мамандығы), білімі туралы мағлұмат, кәсіби зиянкештіктері мен зиянды әдеттері туралы мағлұматтар; бұрын ауырған сыртқаттары, жарақаттар мен операциялары, жеке мамандарда «Д» есепке тұруы, соматикалық статусының ерекшеліктері, гинекологиялық аурулары, етеккір және репродуктивті қызметтерінің сипаттамасы, жүктілік кезіндегі зерттеулер нәтижелері, алдыңғы жүктілік кезіндегі және осы жүктілік ағымы, босануы туралы, құрсақішілік ұрық жағдайын және ерте неонатальді кезең туралы мағлұматтар.

Ретроспективті анализ жүргізу барысында бізбен ұрық макросомиясының дамуының себеп факторлары, асқынған соматикалық және акушерлік-гинекологиялық анамнез туралы, ұрық болжам салмағын авторлар

формуласымен есептеу арқылы босанған кездегі ұрық салмағына сәйкес келетін формуланы шығарып алдық.

Ретроспективті анализ нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті.

Зерттеу топтарына енгізілген критерийлер:

1. бір ұрықты жүктілік;
2. жүктілік мерзімі 37–41 апта;
3. керекті диагностикалық іс-шараларды жүргізуге ақпаратты өз бетінше келісімі;
4. болжам салмағы 4000 г-нан жоғары ұрықты жүкті әйелдер;
5. жүкті әйелдердің антропометриялық көрсеткіштері, сыртқы акушерлік тексерулер;
6. ультрадыбыстық зерттеу мәліметтері: құрсақішілік ұрық өлшемдерінің көрсеткіштері;

Енгізілмеген критерийлер:

1. қант диабетімен ауыратын жүкті әйелдер;
2. гестациялық қант диабетімен ауыратын жүкті әйелдер;
3. экстракорпоральді ұрықтандыру нәтижесінде болған жүктілік;

Макросомияны нәтижелі анықтаудың критерийлері келесі:

1. Ультрадыбыстық зерттеу арқылы
2. Ультрадыбыстық зерттеудің қосымша әдістері арқылы ұрық болжам салмағын дәл анықтау;

2.2 Зерттеу әдістері

Ірі ұрық диагностиканың сапасын жақсарту мақсатында 3 топ әртүрлі әдістер арқылы жүктіліктің 37-41 апта аралығындағы босанушы әйелдер жүргізілетін зерттеулермен салыстырылады.

Объективті түрде әртүрлі авторлар формулалары бойынша (И.Ф. Жордания, Р.В. Джонсон, А.В. Ланковиц, З.П. Якубова) анықталады.

З.П. Якубова формуласы $x = (ЖТБ + IA) \times 100 / 4$

И.Ф. Жордания формуласы $x = ЖТБ \times IA$

Р.В. Джонсон формуласы $x = (ЖТБ - 11) \times 155$

А.В. Ланковиц формуласы $x = (ЖТБ + IA + \text{әйел салмағы} + \text{әйел бойы}) \times 10$

Бізбен 150 әйелді босану алдында ультрафетометриялық зерттеу әдістері арқылы анықтап, нәтижелерді алдық.

Бірінші топ ультрадыбыстық фетометрия арқылы анықталған құрсақішілік ұрық өлшемдерін қолдана отырып, математикалық формуламен ұрық болжам салмағы есептеледі.

$$M = (БПӨ + БШ + МШӨ + ІШ + ССҰ) / 4 \times K, \quad (4)$$

1. М – ұрықтың болжам салмағы, г
2. БПӨ – ұрық басының бипариетальді өлшемі, мм
3. БШ – ұрық бас шеңберінің өлшемі, мм
4. МШӨ – ұрық басының маңдай шүйде өлшемі, мм
5. ІШ – ұрық іш шеңберінің өлшемі, мм
6. ССҰ – ұрық сан сүйегінің ұзындығы, мм

К – И.Ф. Жордания формуласы бойынша есептелген ұрық болжам салмағының коэффициенті: 3800 – 4000 г – 16,1 (айқын семіздік кезінде – 15,1); 4001 – 4500 г – 16,8; 4501 – 4900 г – 17,4; 4901 г және одан да көп – 18,8 (айқын семіздік кезінде – 19,8;).

Екінші топ мерзімді жүктілік кезіндегі ұрық иығы жұмсақ ұлпаларының қалыңдығын және алдыңғы іш қабырғасының қалыңдығын өлшеу. Иық жұмсақ тіндерінің қалыңдығы 13 мм-ден жоғары және алдыңғы іш қабырғасының қалыңдығы 12 мм-ден жоғары болса, ірі ұрықтың босануына толық болжам айтуға болады. Бұл әдістің қарапайымдылығын айтуға болады. Зерттеудің соңында ірі ұрық диагностикасының ең нәтижелі әдісін анықтап шығаруға болады.

Үшінші топ статистикалық өңдеудің нәтижесінде шығарылған формула арқылы ұрық болжам салмағы есептелді.

$$M = (ИЖТҚ + АҚҚҚ) \times K \times 10, \quad (5)$$

1. М – ұрықтың болжам салмағы
2. ИЖТҚ – иық жұмсақ тінінің қалыңдығы, мм
3. АҚҚҚ – алдыңғы құрсақ қабырғасының қалыңдығы, мм
4. К – И.Ф. Жордания формуласы бойынша есептелген ұрық болжам салмағының коэффициенті: 3800–4000 г – 16,1 (айқын семіздік кезінде – 15,1); 4001–4500 г – 16,8; 4501–4900 г – 17,4; 4901 г және одан да көп – 18,8 (айқын семіздік кезінде – 19,8;)
5. 10 – сызықтық пропорционалдылық коэффициенті;

Жүктілік мерзімі келесі критерийлермен анықталды:

- соңғы етеккір мәліметтері бойынша;
- акушерлік зерттеудің объективті көрсеткіштері;
- ұрықтың ультрадыбыстық биометрия нәтижелері;
- плацентометрия көрсеткіштері.

Жаңа туған нәрестенің жалпы жағдайы туралы мәліметтер анализі келесі: Апгар шкаласымен бағалануы, салмақ-бой көрсеткіштері, қосарланған патологиялары.

Зерттеу және анықтау барысында құрсақішілік ұрық жағдайына, оптимальді жүктілік мерзімі және босандыру тәсілі анықталды. Ерте неонатальді кезең мен жаңа туған нәрестенің физикалық даму параметрлері бағаланды.

Зерттеу «Assuvix 5500» Медисон атты (Жапония) ультрадыбыстық құрылғымен жүргізілді. Ұрық басының бипариетальді өлшемі, ұрық бас

шеңберінің өлшемі, ұрық басының маңдай шүйде өлшемі, ұрық іш шеңберінің өлшемі, ұрық сан сүйегінің ұзындығы мөлшерлері өлшенді.

Ретроспективный анализ макросомия кезіндегі елеулі қауіп факторларын анықтап алуға, жүктілік пен босанулардың асқынуларын анықтауға мүмкіндік берді. Проспективті зерттеу клиникалық жағынан макросомияны анықтаудың елеулі әдісін шығаруға септігін тигізді.

2.3 Ұрық макросомиясы антенатальді диагностикасының әртүрлі әдістерінің салыстырмалы анализін жүргізу

Ұрықтың болжам салмағын анықтау үшін дәстүрлі клиникалық әдістері қолданылады (жатыр түбі биіктігінің іш айналымына қатысы) және ультрадыбыстық фетометрия.

Ретроспективті анализ 50 босанған әйелдердің босану тарихтарына жүргізілді.

Ретроспективті зерттелген топ объективті түрде әртүрлі авторлар формулалары бойынша (И.Ф. Жордания, Р.В. Джонсон, А.В. Ланковиц, З.П. Якубова) анықталды.

2 кесте – Зерттеуге алынған жүкті әйелдердің авторлар бойынша ұрық болжам салмақтарының сәйкес келуі

Ұрық болжам салмағын есептейтін формула	Алынған көлемі, n	Корреляция коэффициенті, r	Статистикалық елеулілігі, p
З.П. Якубова (ретроспектив)	50	0,1240	0,39079
И.Ф. Жордания (ретроспектив)	50	0,1358	0,34713
Р.В. Джонсон (ретроспектив)	50	0,1283	0,37442
А.В. Ланковиц (ретроспектив)	50	0,0153	0,91597

50 әйелдің босану тарихтарына ретроспективті анализ жүргізгенде, барлығының ұрық болжам салмақтары А.В. Жордания, Р.В. Джонсон, А.В. Ланковиц, Р.В. Якубова формулалары бойынша есептеліп тексерілді. Статистикалық елеулілігі жағынан А.В. Ланковиц бойынша $p=0,92$ А.В., Жордания бойынша $p=0,35$, Р.В. Джонсон бойынша $p=0,37$, Р.В. Якубова бойынша $p=0,39$. Авторлар формулалары бойынша зерттеудің статистикалық елеулілігі жоғары емес, қателік деңгейі жоғары, оның себебі алынған материалдар санының аздығы болуы мүмкін.

2.4 Статистикалық зерттеу әдістері:

Зерттеу нәтижелерінің статистикалық анализі STATISTICA 6.1 for Windows және Microsoft Windows үшін IBM SPSS 18.0 арнайы бағдарламалық пакеттер көмегімен есептелді. Сонымен қатар Microsoft Excel кестелік процессоры ол бастапқы зерттеу мәліметтерін, олардың болжам анализдерін сақтау мен енгізуге қолданылды.

З.П. Якубова, А.В. Жордания, Р.В. Джонсон, А.В. Ланковиц классикалық формулалары мен математикалық формуламен есептелген ұрық болжам салмағын анықталуының дұрыстығын меңгеру үшін анализдің корреляциялық әдісі қолданылды. Ол туылған кездегі жаңа туған нәрестелер салмағы мен босанғанға дейінгі болжамды түрде берілген формулалармен есептелген салмақ арасындағы корреляциялық тәуелділік Пирсон корреляциялық коэффициенті бойынша анықталды.

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

«Астана Медицина Университеті» № 1 акушерия және гинекология клиникалық базасында 01.01.2014 мен 31.12.14 жыл аралығындағы босанған әйелдердің босану тарихтарына ретроспективті анализ жүргізілді.

Астананың № 2 және № 3 Перинатальді орталықтарында **15986** босану болды, оның мерзімдісі **14096**, макросомиялы босанулар саны **8366** құрайды. Мәліметтер 3 кестеде көрсетілген.

3 кесте – Астана қ. № 2 және № 3 Перинатальді орталықтардың мерзімді босану саны бойынша бөлу

Зерттеу жүргізілген орны	Мерзімді босанулар					
	2013 ж.		2014 ж.		2015 ж.	
	абс	%	абс	%	абс	%
№ 2 Перинатальді орталық	6483	96,2	7350	97,3	7731	96,4
№ 3 Перинатальді орталық	6620	98,0	6746	96,5	7362	94,5

3 кестедегі көрсеткіштер бойынша мерзімді босанулар санының пайыздық көрсеткіші 2013-2015 жж. аралығында сәйкесінше № 2 ПО 96,2%; 97,3%; 96,4%; және № 3 ПО – сәйкесінше 98,0%; 96,5%; 94,5%; Бұл мәліметтерге қарай отырып, мерзімді босанулар санының екі орталықта да бірдей шамада екенін көруге болады.

4 кесте – Астана қ. № 2 және № 3 Перинатальді орталықтарының макросомиялы босану саны бойынша бөлу

Зерттеу жүргізілген орны	Макросомиялы босану					
	2013 ж.		2014 ж.		2015 ж.	
	абс	%	абс	%	абс	%
№ 2 Перинатальді орталық	823	12,69	1016	13,82	1011	13,08
№ 3 Перинатальді орталық	787	11,6	798	11,6	849	10,9
Барлығы	1610	12,29	1814	12,87	1860	12,32

4 кестедегі көрсеткіштер бойынша макросомиялы босанулар санының

пайыздық көрсеткіші 2013-2015 жж. аралығында сәйкесінше № 2 ПО 12,69%; 13,82%; 13,08; және № 3 ПО – сәйкесінше 11,6%; 11,6%; 10,9%;

Макросомиялы босанулардың себеп факторларын анықтау үшін босанған әйелдердің босану тарихтары кездейсоқ механикалық таңдау арқылы алынды. 4 топқа да ұрық болжам салмағы 4000 г-нан асатын жүкті әйелдердің босану тарихтары алынды, барлығы (n=200).

Паспорттық мәліметтеріне анализ жүргізгенде келесі жас ерекшеліктері анықталды. Әйелдердің жасы бойынша бөлу кестеде көрсетілген.

5 кесте – Босанған әйелдерді жас аралықтарына байланысты бөлу

Ана жасы	Ретроспектив (n=50)		1 топ(n=50)		2 топ(n=50)		3 топ (n=50)	
	п	%	п	%	п	%	п	%
15-19	1	2,0	1	2,0	0	0	0	0
20-29	27	54,0	19	38,0	21	42,0	25	50,0
30-39	21	42,0	29	58,0	29	58,0	25	50,0
40 жастан асқан	1	2,0	1	2,0	0	0	0	0
M ± m	28,7 ± 0,70		30,5 ± 0,77		30,34 ± 0,72		29,96 ± 0,74	

Әйелдердің жас шамаларының 16-дан 42 жас аралығында, ретроспективті анализ жүргізілген топта орташа жасы 28,7 ± 0,70; Ретроспективті топтағы жүкті әйелдер орташа жасы, қалған екі топтағыларға қарағанда төмен.

Барлық әйелдер 4 жастық топқа бөлінді: 1-нші топ – 15–19 жас аралығындағылар, 2-нші топ —20–29 жас аралығындағалар, 3-нші топ – 30–39 жас аралығындағылар, 4-нші топ – 40 жастан асқандар.

Ірі ұрықты босанулар жиі бақыланған, 30-39 жас аралығындағыларда – 52,0%, 20–29 жас аралығындағыларда – 46,0%, 20 жасқа дейінгілер 1,0%, ал 40 жастан асқандар 1,0% құрайды.

6 кесте – Босанған әйелдерді әлеуметтік жағдайына байланысты бөлу

Көрсеткіштер	ретроспектив (n=50)		1 топ (n=50)		2 топ (n=50)		3 топ (n=50)	
	п	%	п	%	п	%	п	%
Қызметтегілер	31	62,0	28	56,0	30	60,0	27	54,0
Жұмысшылар	0	0	1	2,0	0	0	2	4,0
Үй шаруасында	19	38,0	21	42,0	20	40,0	21	42,0

6 кестеде көрсетілгендей, жалпы әйелдер санын алғанда, қызметтегілер 58,0%, үй шаруасындағылар 40,5%, жұмысшы мамандағылар 1,5% құрайды.

Нәтижелерге қарап, қызметтегі әйелдерде макросомиялы босанулар пайыздық көрсеткішінің жоғары екені байқалады.

7 кесте – Босанған әйелдерді білім деңгейіне байланысты бөлу

Көрсеткіштер		ретроспектив (n=50)		1 топ (n=50)		2 топ (n=50)		3 топ (n=50)	
		п	%	п	%	п	%	п	%
Білімі	орта	8	16,0	9	18,0	9	18,0	7	14,0
	арнайы орта	3	6,0	1	2,0	4	8,0	3	6,0
	жоғары	39	78,0	40	80,0	37	74,0	40	80,0

7 кестеде білім деңгейі әйелдің әлеуметтік статусына сәйкес: орта білімді – 16,5% әйел, орта арнайы – 5,5%, жоғары білімді – 78,0%. Жоғары білімді әйелдерде макросомиялы босанулар саны көп, себебі жоғары білімді әйелдер негізінен қызметтегілер екені мәлім.

3.1 Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы ұрық макросомиялы жүкті әйелдердің антропометриялық көрсеткіштерінің сипаты

Ірі ұрықтың туылуына алып келуші себептер ішінде ата-аналарының конституциональді ерекшеліктері ерекше орын алады. Көптеген авторлар, ана мен жаңа туған нәресте салмақтары арасында тікелей тәуелділік бар екенін анықтайды, жаңа туған нәресте салмағы анасының семіздік дәрежесінің ұлғаюына байланысты жоғарылайды [2, 38, 40, 49, 75, 98, 103].

8 кесте – Ретроспективті анализ жүргізілген топтағы босанған әйелдердің бастапқы және босану алдындағы салмақ көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Ретроспектив (n=50)	
	п	%
Бастапқы салмағы >80	3	6,0
Бастапқы салмағы 60-қа дейін	12	24,0
Босану алдындағы салмағы 60–80	20	40,0
Босану алдындағы салмағы >80	30	60,0
Қалыпты ДСИ	17	34,0
Салмақ қосу >20	10	20,0

